



ҚАЗАҚСТАН
КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ
ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ
ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕЗИДЕНТІНЕ

БАЯНДАМА

2016 - 2019



«Шағын және орта бизнес – экономика негізі. Нарықтық экономикада бизнес басты рөл атқарады».

Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан судьяларының VII съезінде сөйлеген сөзі, 21 қараша 2016 жыл.



«Орта бизнес экономиканы әртараптандырудың драйвері болуы керек».

Қ.К.Тоқаев

Экономикалық мәселелер жөніндегі кеңесте сөйлеген сөзі, 15 қазан 2019 жыл.

МАЗМҰНЫ

Алғысөз	3
Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл институтының (бизнес-омбудсмен) қалыптасу және даму тарихы.....	5
«Атамекен» ҰКП кәсіпкерлер құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес	12
Өтініштермен жұмыс	14
Бизнес-омбудсменнің өңірлердегі кездесулері	16
Мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынас	21
ҚР Бас прокуратурасымен өзара қарым-қатынас	22
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі агенттікпен өзара қарым-қатынас	28
ҚР Жоғарғы сотымен өзара қарым-қатынас	35
ҚР ҰЭМ өзара қарым-қатынас	40
2016 - 2019 жж. іске асырылған реформалар	41
Проблемалық мәселелер тізілімі.....	49
ҚР Әділет министрлігімен өзара қарым-қатынас	53
ҚР Қаржы министрлігімен өзара қарым-қатынас	54
Халықаралық ынтымақтастық	56
Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) сарапшыларымен кездесу	67
Табыс тарихы	68
Бизнес-омбудсмен бұқаралық ақпарат құралдарында.....	76



ПАЛЫМБЕТОВ Б.Ә.

Қазақстан кәсіпкерлерінің
құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл

2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда Кәсіпкерлік кодекс қолданысқа енді және бизнес-омбудсмен институты құрылды, оның негізгі міндеті - кәсіпкерлерді мемлекеттік органдар тарапынан орын алатын заңсыз әрекеттерден қорғау.

Бизнес-омбудсмен институтының жұмысын «Атамекен» ҚР ҰКП қызметкерлерін тарту есебінен орталық және өңірлік деңгейде толық қамтамасыз етеді. Бұл елдің бүкіл кәсіпкерлік қауымдастығының мүдделерін шоғырландыру және қорғау үшін қолда бар ресурстарды ұтымды және тиімді пайдалануға мүмкіндік берді.

Жұмыс атқарған жылдары біз Қазақстанның барлық өңіріндегі кәсіпкерлермен кездестік, олар жиі тап болатын проблемаларды зерделедік. Бизнес әрдайым қылмыстық іс қозғаудың заңсыздығына және жалпы Қылмыстық кодекстің репрессиялығына шағымданатын еді. Сондықтан да экономикалық қылмыстар бойынша қылмыстық заңнаманы ізгілендіру және оны қылмыстық сипаттан арылту біздің қызметіміздің негізгі басымдығы болды. Қазақстан тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай жасалған рақымшылық 600-ден астам бас бостандығынан айырылған кәсіпкерлерге экономикалық қызметке қайта оралуға мүмкіндік берді.

Бас прокуратурамен бірлескен іс-әрекеттердің нәтижесінде ҚР Қылмыстық кодексінен «Жалған кәсіпкерлік туралы» 215-бап алынып тасталды. Әрекет алғаш рет жасалған және кәсіпкер келтірілген залалды өз еркімен өтеген жағдайларда жауапкершіліктен босату туралы ескертпелер алты бапқа енгізілді.

Елбасы өзінің жыл сайынғы Жолдауында бизнеске жасалатын қысымды төмендету қажеттігі туралы ұдайы мәлімдегенін, соның нәтижесінде соңғы төрт жылда экономикалық құқық бұзушылықтар бойынша қылмыстық істердің саны сегіз есе қысқарғанын атап өткен жөн.

Бизнесті жүргізу үшін жағдайды жақсарту жөніндегі жұмыс аясында мемлекеттік бақылау және қадағалау жүйесі түбегейлі қайта қаралды. Егер 2011 жылы кәсіпкерлерге 1 000-нан астам лицензия мен рұқсат берілген болса, қазір олардың 291-і ғана қалды.

Кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін тікелей қорғау туралы айтатын болсақ, 2016 жылдан бастап бизнес-омбудсмен институты 22 мыңға жуық өтініштер қаралды, олардың бір де бірі назардан тыс қалған жоқ және тұрақты бақылауда болды. Бизнес проблемаларының 70%-дан астамы өңірлік деңгейде шешілді. 2019 жылдан бастап облыс әкімдерімен Жол карталарына қол қойыла бастады, онда бизнестің барлық жүйелік проблемалары мен оларды шешу жолдары көрініс тапқан.

Бүгінде Қазақстан әлемнің ондаған елімен экономикалық ынтымақтастықты жүзеге асырып жатыр. Атап айтқанда, көптеген бірлескен кәсіпорындар құрылды.

Сондықтан біз үшін басқа мемлекеттердің аумағында отандық бизнесмендердің өз мәселелерімен жалғыз қалмауы өте маңызды. Осы мақсатта мен Ресейдің, Өзбекстанның және Грузияның бизнес-омбудсмендерімен Өзара көмек және ынтымақтастық туралы келісімге қол қойдым. Қазірдің өзінде қазақстандық және осы елдердің кәсіпкерлеріне қатысты көптеген проблемалық мәселелер шешілді.

Сондай-ақ Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) сарапшыларымен кездесулер өткізілді, олардың барысында тараптар Қазақстанда жұмыс істейтін кәсіпорындар кездесетін неғұрлым кең таралған дауларды шешу тетіктерімен байланысты сот төрелігі жүйесінің тиімділігі мәселесі сияқты (заңдық) проблемаларды талқылады.

Жалпы, Қазақстанда бизнесті жүргізу үшін жағдайды жақсарту бойынша қабылданып жатқан шараларды халықаралық рейтингтік ұйымдар оң бағалайтынын атап өткен жөн. Егер Дүниежүзілік банк есебінің деректері бойынша «Doing Business 2017» рейтингінде Қазақстан 35-ші орынға ие болса, «Doing Business 2020» (2019 жылғы 24 қазанда жарияланған) нәтижесі бойынша Қазақстан 25-ші орынға көтерілді.

Бүгін Мемлекет басшысының қолдауының арқасында Қазақстанда бизнес ортаны жетілдіру бойынша жүйелі және ауқымды жұмыстар жалғасуда. Бизнес-омбудсмен институты осы бағытта жүргізіліп жатқан жұмысты толықтыруға және күшейтуге мүмкіндік береді.

Есепте қызметтің нәтижелері туралы толығырақ баяндалған.



ҚАЗАҚСТАН КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ ИНСТИТУТЫНЫҢ (БИЗНЕС-ОМБУДСМЕН) ҚАЛЫПТАСУ ЖӘНЕ ДАМУ ТАРИХЫ

2013 жылы 4 шілдеде Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы Заң қабылданды

Заң Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті дамыту бойынша барлық бағыттарды қамтитын 7 тараудан тұрады. «ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы туралы» Заң экономиканың негізгі бағыттарын дамытуды көздейді және «Атамекен» қызметінің өкілдік ету, кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, қоғамдық мониторинг саласындағы, кәсіпкерлікті қолдау мен дамытуды ұйымдастыру саласындағы, отандық өндірісті қолдау және жергілікті қамту үлесін арттыру саласындағы, экономика, техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту салаларындағы кадрларды даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру, сертификаттау және аттестаттау саласындағы, кәсіпкерлік субъектілерінің сыртқы экономикалық қызметін дамыту, инвестициялар тарту және ұлттық экономиканы диверсификациялау саласындағы негізгі функцияларын айқындайды.

«Атамекен» ҚР ҰКП жоғарғы басқару органы Съезд болып табылады, басқару органы - Төралқа, одан әрі құрылымы бойынша Басқарма - атқарушы орган және тексеру комиссиясы – қаржы-бақылау органы. Өңірлік палаталар мен олардың филиалдары жанында да басқару органдары бар.

Сондай-ақ, «Атамекен» жанынан 174 салалық қауымдастық пен одақ тіркелген.

Бүгінде бір де бір елде барлық кәсіпкерлерді бір жерге біріктірген «Атамекен» сияқты ұйым жоқ. Палата кәсіпкерлердің сеніміне ие болды және өз жұмысының тиімділігін көрсетті.



2014 ЖЫЛҒЫ 27 АҚПАНДА «КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТ ҮШІН ЖАҒДАЙДЫ ЖАҚСARTУ ЖӨНІНДЕГІ ТҮБЕГЕЙЛІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ ҚАБЫЛДАНДЫ

УКАЗ

<https://online.zakon.kz>

ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

О кардинальных мерах по улучшению условий для предпринимательской деятельности в Республике Казахстан

Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мақсатында ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар 2014 жылғы 2 сәуірден бастап 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін:

1) шағын және орта бизнес субъектісінің өзінің қызметіне қатысты өтініші оларды жүргізуге негіз болып табылатын тексерулерді, осы өтінішпен байланысты қарсы тексерулерді;

2) қаржылық ұйымдарды;

3) атом энергетикасы, радиоактивтік заттар саласын;

4) улардың, қару-жарақтың, әскери техниканың және жекелеген қару түрлерінің, оның ішінде азаматтық және қызметтік, жарылғыш және пиротехникалық заттар мен оларды қолдана отырып жасалған бұйымдардың айналымы саласындағы жеке және заңды тұлғалардың қызметін;

5) конституциялық құрылысқа, ұлттық қауіпсіздікке, заңдылыққа және қоғамдық тәртіпке тура және тікелей қауіп-қатер төндіретін іс-әрекеттің алдын алу немесе жою мақсатында жүргізілетін тексерулерді қоспағанда, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін тексерулерді тоқтатсын.

Осы тармақтың 3)-5) тармақшаларында көрсетілген тексерулер Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасымен келісілген, орталық мемлекеттік немесе жергілікті атқарушы органның бірінші басшысының шешімі негізінде жүргізіледі деп белгіленсін.

2. Кәсіпкерлік субъектілерін жоспарлы тексерулер 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап болмасын.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) мынадай заң жобаларын:

2014 жылғы 1 сәуірге дейін – рұқсаттар мен хабарламалардың нақтылы тізбесін, оларды беру тәртібін регламенттеу, оның ішінде кәсіпкерлік субъектілеріне рұқсаттар жүйесі саласында заңнамаға реттеушілік ықпалын талдау қағидатын енгізуді көздейтін мәселелер бойынша;

2014 жылғы 1 қыркүйекке дейін – Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша мыналарды:

тәуекелдерді бағалау негізінде тексерулерді ұйымдастыруға көшуді, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілерінің жауапкершілігін сақтандыру мүмкіндігін кәсіпкерлік субъектілерін тексерудің баламасы ретінде енгізуді;

кәсіпкерлік субъектілеріне қойылатын мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру барысында тексеруге жататын талаптарды қысқартуды;

шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін тарату ресімдерін жеңілдетуді;

Ұлттық кәсіпкерлер палатасының рөлін күшейтуді, оның ішінде кәсіпкерлер құқықтары жөніндегі уәкіл институтын енгізуді;

Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсартуға бағытталған өзге де шараларды көздейтін;

2015 жылғы 1 қаңтарға дейін – өзін өзі реттейтін ұйымдар қызметінің мәселелері бойынша заң жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізісін;

2) Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігімен келісім бойынша 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру әдістемесін (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін қоспағанда) бекітсін;

3) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі жобасында кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу туралы заңнамалық актілердің нормаларын топтастырсын;

4) 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін рұқсаттар беруді автоматтандыруды аяқтасын;

5) осы Жарлықты іске асыру жөніндегі өзге де шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы осы Жарлықтың 1-тармағын іске асыру барысында заңдылықтың мүлтіксіз сақталуын қадағалауды қамтамасыз етсін.

5. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н. НАЗАРБАЕВ

Астана, Ақорда, 27 ақпан 2014 жыл



2014 ЖЫЛЫ 29 ЖЕЛТОҚСАНДА БИЗНЕСТІ ТҮБЕГЕЙЛІ ЖАҚСARTУ ТУРАЛЫ ЗАҢ ҚАБЫЛДАНДЫ (БИЗНЕС- ОМБУДСМЕН ИНСТИТУТЫ ЕНГІЗІЛДІ)

110. «Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» 2013 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 15, 80-құжат; 2014 ж., № 12, 82-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 3-баптың 3-тармағында:

«6) Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл кіреді.»;

5) 3-тарау мынадай мазмұндағы 14-1-баппен толықтырылсын:

«14-1-бап. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің функциялары

8) 21-баптың 4-тармағының 11) тармақшасындағы «бекіту жатады.» деген сөздер «бекіту;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

«12) Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің өз қызметі туралы есебін қарау және бекіту жатады.»;

10) мынадай мазмұндағы 5-1-тараумен толықтырылсын:

«5-1-тарау. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл 27-1-бап. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің

құқықтық мәртебесі

27-2-бап. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл қызметінің қағидаттары

27-3-бап. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілді лауазымға тағайындау және лауазымынан босату

27-4-бап. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің міндеттері

27-5-бап. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің қызметін ұйымдастыру



2015 ЖЫЛЫ 20 МАМЫРДА ҰЛТ ЖОСПАРЫНЫҢ 100 ҚАДАМЫ ҚАБЫЛДАНДЫ. 54-ҚАДАМ БИЗНЕС-ОМБУДСМЕН ИНСТИТУТЫН НЫҒАЙТУ

Ұлт жоспары - Н.Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамы

III. ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ

54-қадам. КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУ ҮШІН БИЗНЕС-ОМБУДСМЕН ИНСТИТУТЫН НЫҒАЙТУ. Жаңа институттың құрамына бизнестің және Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері кіреді.

Кәсіпкерлердің мүдделерін қорғау үшін бизнес-омбудсмен институтын нығайту қажеттілігі туындағаны туралы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті «100 нақты қадам» іс-қимыл жоспарында айтқан болатын.

Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл институтының маңыздылығы туралы пайымдай келе Нұрсұлтан Назарбаев: «Бұл – бизнес жүргізіп отырған әрбір қазақстандық үшін нақты көмек. Кәсіпкерлердің жұмыс жағдайын ұдайы жақсартып отыру жайы әрқашан мемлекеттің басты назарында болады. Бұл – Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылуы жолындағы тағы бір маңызды қадам. Осы шара және кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттен қаражат бөлу экономикамыздың өсуіне, жұмыс орындарының көбеюіне, барша қазақстандықтардың әл-ауқатының артуына серпін береді деп сенемін», - деді.

Еліміздегі бизнес-омбудсмен институтының табысты жұмыс істеуі отандық кәсіпкерлікті табысты дамыту үшін қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді.



2016 ЖЫЛЫ 1 ҚАҢТАРДА КӘСІПКЕРЛІК КОДЕКС ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

КӘСІПКЕРЛІК КОДЕКСТІҢ 28-ТАРАУЫ БИЗНЕС-ОМБУДСМЕННІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІНЕ АРНАЛҒАН

28-тарау. ҚАЗАҚСТАН КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІН- ДЕГІ УӘКІЛ. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ОМБУДСМЕН

1-параграф. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің құқықтық мәртебесі

307-бап. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл ұғымы

308-бап. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл қызметінің негіздері

309-бап. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің функциялары

310-бап. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің міндеттері

311-бап. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің өтініштерді қарау тәртібі

312-бап. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілді лауазымға тағайындау және лауазымынан босату

313-бап. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің қызметін ұйымдастыру



2016 ЖЫЛЫ 19 АҚПАНДА ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ №59 ӨКІМІМЕН Б.Ә.ПАЛЫМБЕТОВ ҚАЗАҚСТАН КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ БОЛЫП ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

ПАЛЫМБЕТОВ

Болат Әбілқасымұлы

Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын
қорғау жөніндегі уәкіл

1961 жылы 28 шілдеде Қызылорда облысында дүниеге келді.

Білімі жоғары, 1984 жылы инженер – жүйелер технигі мамандығы бойынша В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын, 1998 жылы Еуразиялық нарық институтын тәмамдады. Экономикалық ғылымдар кандидаты.

Мемлекеттік органдарда, қаржы институттары мен ұлттық компанияларда жетекші қызметтердегі жұмыс тәжірибесі мол.

«Қазақстан Ұлттық банкі» ААҚ Басқарма төрағасының орынбасары, Атырау облысы әкімінің орынбасары, ҚР Экономика және сауда вице-министрі, «ҚазТрансОйл» ЖАҚ бас директоры, Маңғыстау облысының әкімі, ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі, «Каспий» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасы, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Басқарушы директоры – Басқарма төрағасының орынбасары болып қызмет етті.

Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл қызметіне тағайындалғанға дейін «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Басқарма төрағасы болып жұмыс істеді.

«Құрмет» (2005), «За заслуги» 3-ші дәрежелі (Украина, 2004), Ұлы князь Даниил Московский 2-ші дәрежелі (РПШ, 2004) ордендерімен марапатталған.

2017 жылғы 20 қазанда Президенттің №568 Жарлығымен бизнес-омбудсмен ҚР Президенті жанындағы Құқықтық саясат жөніндегі кеңестің құрамына және ҚР Президенті жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссияның құрамына енді.

2019 жылғы 17 шілдеде Президенттің №63 Жарлығымен бизнес-омбудсмен ҚР Президентінің жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің құрамына енді.



2016 ЖЫЛЫ 14 НАУРЫЗДА «АТАМЕКЕН» ҚР ҰКП БАЗАСЫНДА ҚАЗАҚСТАН КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ АППАРАТЫ ҚҰРЫЛДЫ

БИЗНЕС-ОМБУДСМЕН АППАРАТЫ



ЖҮРСІНОВ Р.М.
Аппарат басшысы,
«Атамекен» ҚР ҰКП
Басқарма мүшесі



САВЕЛЕНКО О.В.
Аппарат басшысының
орынбасары, «Атамекен» ҚР ҰКП
басқарушы директоры – Кәсіпкерлер
құқығын қорғау департаментінің
директоры
(12 сарапшы)



ӨСТЕМІРОВ Е.Л.
Аппарат басшысының орынбасары,
«Атамекен» ҚР ҰКП басқарушы директоры
– Қоғамдық мониторинг және әкімшілік
кедергілермен жұмыс департаментінің
директоры
(9 сарапшы)



МУҚАШ Қ.Ж.
Нұр-Сұлтан қ. бойынша
бизнес-омбудсмен
аппараты секторының
меңгерушісі



ҚОШМАМБЕТОВ А.А.
Алматы қ. бойынша
бизнес-омбудсмен
аппараты секторының
меңгерушісі



ТЕМІРОВ Ш.С.
Ақмола обл. бойынша
бизнес-омбудсмен
аппараты секторының
меңгерушісі



КҮЙШІНОВ Р.Б.
Ақтөбе обл. бойынша
бизнес-омбудсмен
аппараты секторының
меңгерушісі



ҚАБДИЕВ К.Т.
Алматы обл. бойынша
бизнес-омбудсмен
аппараты секторының
меңгерушісі



ЖОЛДЫБАЕВ С.Х.
Атырау обл. бойынша
бизнес-омбудсмен
аппараты секторының
меңгерушісі



МАҚСOTOV Н.Е.
Батыс Қазақстан обл.
бойынша бизнес-омбу-
дсмен аппараты секто-
рының меңгерушісі



КИМ И.А.
Жамбыл обл. бойынша
бизнес-омбудсмен
аппараты секторының
меңгерушісі



АСҚАРОВ А.Т.
Қарағанды обл. бойынша
бизнес-омбудсмен
аппараты секторының
меңгерушісі



СӘДУАҚАСОВ С.С.
Қостанай обл. бойынша
бизнес-омбудсмен
аппараты секторының
меңгерушісі



ҚҰЛМАХАН С.А.
Қызылорда обл. бойынша
бизнес-омбудсмен
аппараты секторының
меңгерушісі



ЖАНАЕВ А.З.
Маңғыстау обл. бойынша
бизнес-омбудсмен
аппараты секторының
меңгерушісі



ӘКЕНОВ К.А.
Шымкент қ. бойынша
бизнес-омбудсмен
аппараты секторының
меңгерушісі



АУБАКИРОВ С.М.
Павлодар обл. бойынша
бизнес-омбудсмен
аппараты секторының
меңгерушісі



ҚАЗИЕВ Ж.А.
СҚО бойынша
бизнес-омбудсмен
аппараты секторының
меңгерушісі



МУҚАШЕВА А.О.
ШҚО бойынша
бизнес-омбудсмен
аппараты секторының
меңгерушісі



МАХМУТ Ж.М.
Түркістан обл. бойынша
бизнес-омбудсмен
аппараты секторының
меңгерушісі

«АТАМЕКЕН» ҰКП КӘСІПКЕРЛЕР ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС

ҚР ҰКП-ның тұрақты қызмет атқаратын жұмыс органы - Кәсіпкерлер құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес құрылды, Өңірлік палаталарда да тиісті кеңестер құрылды. Кеңес кәсіпкерлік субъектілерінің құқығы мен заңды мүдделерін ұсыну, қамтамасыз ету мен қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәселелерді жедел әрі жүйелі шешу үшін, сондай-ақ көпшілікке таныстыру мақсатында құрылды.

Кеңес жұмысы кәсіпкерлердің құқықтарының бұзылуына жедел және жүйелі әрекет етуге, сондай-ақ проблемалық мәселелерді жария етуге бағытталған.

КЕҢЕСТІҢ БАСТЫ МІНДЕТТЕРІ:

- кәсіпкерлердің құқықтары мен кәсіпкерлік қызметтің бостандығын қорғау;
- мемлекеттік органдарға және ұйымдарға кәсіпкерлердің құқықтарын бұзғаны үшін жауапты лауазымды тұлғаларды жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар енгізу;
- орталық және жергілікті мемлекеттік басқарушы органдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері, жеке кәсіпкерлік субъектілері, Ұлттық палата жүргізетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына жәрдемдесу.

2016-2019 жылдары «Атамекен» ҰКП Кеңестері барлығы 432 отырыс өткізді, онда 972 мәселе қаралды. Қаралған мәселелердің нәтижелері бойынша мүдделі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарға 1473 ұсыныс енгізілді, 115 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Ай сайынғы отырыстарда Кеңес мүшелері кәсіпкерлердің және уәкілетті мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының қатысуымен бизнес субъектілерінің заңды мүдделеріне нұқсан келтірілгендігіне байланысты нақты жағдайларды шешу жолдарын талқылайды. Бұл алаңда бизнес-қауымдастық өкілдерінің шенеуніктерге тікелей жүгінуге, оларға өз мәселесі бойынша нақты сұрақтар қоюға мүмкіндігі бар.



СҮЛЕЙМЕНОВ Қ.Ш.
«Атамекен» ҰКП
кәсіпкерлер құқығын
қорғау және сыбайлас
жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл жөніндегі
кеңесінің төрағасы

Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпарат ҚР Премьер-Министріне және ҚР Президентінің Әкімшілігіне мәлімет үшін жіберіледі. Бұл тәжірибе Кеңестің ұсыныстарын қарауға тартылған лауазымды тұлғалардың ауқымын едәуір кеңейтуге мүмкіндік берді.

Кеңес кәсіпкерлер үшін ең күрделі мәселелерді шешуде өзінің тиімділігін көрсетті.



ТӨРЕГЕЛДИН С.М.
Қарағанды обл.
бойынша Кеңес
төрағасы
(Кеңес мүшелері – 14)



АХМЕДОВ Б.А.
Алматы қ. бойынша
Кеңес төрағасы
(Кеңес мүшелері – 15)



ГЕРАЩЕНКО В.С.
Ақмола обл. бойынша
Кеңес төрайымы
(Кеңес мүшелері – 12)



ҚҰРМАНҒАЗИН Е.А.
Ақтөбе обл. бойынша
Кеңес төрағасы
(Кеңес мүшелері – 13)



ФАЙЗУЛЛИН Б.Д.
Алматы обл. бойынша
Кеңес төрағасы
(Кеңес мүшелері – 14)



ШАКУН В.М.
Қостанай обл.
бойынша Кеңес
төрағасы
(Кеңес мүшелері – 15)



ЖАРБАСОВ Н.У.
Атырау обл. бойынша
Кеңес төрағасы
(Кеңес мүшелері – 7)



НҮРҚОЖАЕВ Б.Ж.
Қызылорда обл.
бойынша Кеңес
төрағасы
(Кеңес мүшелері – 12)



СУЛТАНОВ Ш.Н.
Маңғыстау обл.
бойынша Кеңес
төрағасы
(Кеңес мүшелері – 15)



ЕЛЕКЕЕВ И.К.
Нұр-Сұлтан қ.
бойынша Кеңес
төрағасы
(Кеңес мүшелері – 16)



НӘБИЕВ Н.А.
Павлодар обл.
бойынша Кеңес
төрағасы
(Кеңес мүшелері – 12)



КАЗАНЦЕВА В.С.
ШҚО бойынша Кеңес
төрайымы
(Кеңес мүшелері – 7)



ҚАБЫШТАЕВ О.А.
Түркістан обл.
бойынша Кеңес
төрағасы
(Кеңес мүшелері – 14)



ҚАПАНОВ К.Х.
БҚО бойынша Кеңес
төрағасы
(Кеңес мүшелері – 14)



АН А.А.
Жамбыл обл. бойынша
Кеңес төрайымы
(Кеңес мүшелері – 15)



СЕЙІТЖАНОВ М.Д.
Шымкент қ. бойынша
Кеңес төрағасы
(Кеңес мүшелері – 14)



ҚУАНОВА И.З.
СҚО бойынша Кеңес
төрайымы
(Кеңес мүшелері – 6)


Кеңес құрамына ҚР Парламентінің депутаттары, ҚР Бас прокуратурасының, ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің өкілдері, мемлекеттік органдардың басшылары, қоғам қайраткерлері, бизнес-қауымдастық және БАҚ өкілдері кіреді.

ӨТІНІШТЕРМЕН ЖҰМЫС

2016-2019 жылдар аралығында бизнес-омбудсмен мен оның аппаратына 21 907 өтініш келіп түсті.

Өтініштердің шамамен 45%-ы толық немесе ішінара шешім табады.

2016-2019 жылдары қорғалған кәсіпкерлердің мүліктік құқықтарының сомасы 170,5 млрд теңгені құрайды (күші жойылған айыппұлдар, өсімақылар, мүлікке салынған қамақтың күшін жою, кәсіпкерге қайтарылған немесе сақталған мүлік).



■ Өтініштер саны
■ Оң шешімін тапқан өтініштер саны

2019 ЖЫЛЫ ТҮСКЕН ШАҒЫМДАРДЫҢ ЕҢ КӨБІ МЫНА САЛАЛАРҒА ТИЕСІЛІ:



ӨҢІР	ТҮСКЕН ШАҒЫМДАР САНЫ	ОҢ ШЕШІЛГЕНДЕРІ
Орталық аппарат	742	116
Нұр-Сұлтан	264	52
Алматы	140	51
Шымкент	219	60
Ақмола облысы	323	96
Ақтөбе облысы	153	101
Алматы облысы	176	63
Атырау облысы	190	102
Шығыс Қазақстан облысы	486	263
Жамбыл облысы	145	37
Батыс Қазақстан облысы	204	128
Қарағанды облысы	332	95
Қостанай облысы	178	82
Қызылорда облысы	294	70
Маңғыстау облысы	133	72
Павлодар облысы	220	63
Солтүстік Қазақстан облысы	98	64
Түркістан облысы	557	364
БАРЛЫҒЫ	4 854	1 879



БИЗНЕС-ОМБУДСМЕННІҢ ӨҢІРЛЕРДЕГІ КЕЗДЕСУЛЕРІ

- 2016 жыл** – 16 өңірде жеке қабылдау жүргізілді
- 2017 жыл** – 10-нан аса неғұрлым проблемалық өңірлерде кәсіпкерлердің жеке қабылдауы өткізілді
- 2018 жыл** – 7 өңірде жеке қабылдау жүргізілді
- 2019 жыл** – 8 өңірде жеке қабылдау жүргізілді

Өңірлердегі жеке қабылдауларда 400-ден астам кәсіпкер қабылданды.

Жеке қабылдаулар барысында келіп түскен өтініштерге жүргізілген талдау олардың 90%-ы жергілікті жерлерде шешілуі мүмкін екенін көрсетті.

2019 жылдан бастап бизнес-омбудсмен облыс әкімдерімен Жол карталарына қол қоюды бастады, онда проблемалық мәселелер мен оларды шешу жолдары көрсетілген.

Өңірлік кездесулердің қорытындысы бойынша Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қызылорда, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қарағанды және Маңғыстау облыстарының әкімдіктерімен Жол картасы жасалды.

Проблемалық мәселелерді Жол картасына кәсіпкерлердің өздері енгізді, оның ішінде жүйелік мәселелер: жер учаскелерін аукционға қоюды ресімдеу рәсімдері мен мерзімдеріне қатысты; ҚР Жер кодексінің 48-бабы 6-1-тармағының талаптарын сақтау; бизнес субъектілері үшін берілген жер учаскелері туралы ақпаратты Интернет желісінде орналастыру; қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарын салуға жобалық құжаттаманы әзірлеуге бюджеттік өтінімге бастамашылық ету.



«Ашылған» проблемалық мәселелердің бірі жергілікті және республикалық бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдардан берешекті кәсіпкерлердің пайдасына өндіріп алу туралы сот шешімдерінің орындалуы болып табылады.

Мысалы, ұсынылған деректерге сәйкес мүліктік сипаттағы 97 атқарушылық құжаттың ішінен 2019 жылы Ақмола облысының мемлекеттік органдарының кәсіпкерлік субъектілері алдындағы берешектерінің жалпы сомасы 1 млрд 240 млн. теңгеден асты.

Көкшетау қаласы әкімдігі жанындағы «Көкшетау Жылу» Шаруашылық жүргізу құқығындағы Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны кәсіпкерлік субъектілері алдындағы кәнігі борышкер.

Сот актілерінің базасына жүргізілген мониторинг «Көкшетау жылу» тарапынан мемлекеттік сатып алулар туралы шарттардың талаптары жүйелі түрде бұзылатындығын көрсетті.

Ақмола облысы Әділет департаментінің мәліметтеріне сәйкес, 2019 жылғы жағдай бойынша «Көкшетау Жылу» ШЖҚ МКК-ның кәсіпкерлік субъектілері алдындағы қарызы 221 млн теңгені құрайды.

Осылайша, іс жүзінде адал кәсіпкерлік субъектілері лауазымды тұлғалардың өз функционалдық міндеттерін сапасыз орындағанының және пайда табудың тиімсіз әдістерін қолданғандықтарының кесірінен зардап шегіп, қаржылық жауапкершілікке тартылып келген.

Негізгі қиындықтар қазынашылықтың аумақтық органында мемлекеттік сатып алулар туралы шарттар мен оған қосымша келісімдерді тіркеудің болмауына байланысты туындайды.

Мысалы, 2017 жылдың тамыз айында «Таймас Company» ЖШС мен Ақмола облысы Біржан сал ауданының «Құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ арасында 327 040 000 теңге сомаға «Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданының Невское ауылында 80 орындық мектеп құрылысын (қайта қолдану жобасы)» жүргізуге мемлекеттік сатып алулар туралы шарт жасалды.

2018 жылғы 16 мамырда қосымша келісіммен шарт сомасы 62 839 663 теңгеге ұлғайтылды, көрсетілген сомаға жабдықтардың, жиһаздың, мектеп мүкәммалының құны енгізілді.

2018 жылдың тамыз айында «Таймас Company» ЖШС мектеп құрылысы жұмыстарын аяқтады. Жабдықты, жиһазды, мүкәммалды тапсырыс беруші орындалған жұмыстарды қабылдау актісімен қабылдады және қазіргі уақытта олар оқу процесіне тартылған.

Алайда, қазынашылықтың аумақтық органында қосымша келісімді тіркеудің болмауына байланысты 47,5 млн теңге көлеміндегі жабдықтарды, жиһаздарды, мүкәммалды жеткізу үшін төлем жүргізілген жоқ.

Келтірілген шығындарды өтемеу «Таймас Company» ЖШС үшін жағымсыз салдарға әкелді, атап айтқанда: ЖШС бизнесті одан әрі кеңейту мүмкіндігінен айырылды, салықтық міндеттемелерді орындауға және контрагенттер алдындағы тауарларды жеткізгені үшін, жұмыстарды және қызметтерді көрсеткені үшін төлем бойынша міндеттемелерді тиісінше орындауға кедергі келтірілді.

Қазіргі уақытта мемлекеттік сатып алулар және негізсіз баю туралы шарт бойынша берешекті өндіріп алу туралы азаматтық істер бойынша қалыптасқан сот тәжірибесі кәсіпкерлерді мемлекеттік органдардан берешегін сот тәртібімен өндіріп алу мүмкіндігінен айырады.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы – сандық технологияларды пайдалану есебінен елдің әрбір тұрғынының өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталған маңызды кешенді бағдарлама екендігін бәріміз білеміз.

Осылайша, мемлекеттік қызметтерді цифрландыру бағдарламасы аясында геортал бизнесті одан әрі жүргізуді жоспарлау кезінде кәсіпкерлердің көптеген мәселелерін жеңілдетуге бағытталған.

Алайда, өңірлік кездесулер барысында кәсіпкерлер бас жоспарлардың бекітілген схемалары туралы ақпаратқа және егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларына (ТЖЖ) қолжетімділіктің жоқтығы туралы мәселені көтерді.

Мысалы, Нұр-сұлтан қаласының сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасының www.saulet.astana.kz және www.genplan.saulet.astana.kz сайтында астананың интерактивті картасы орналастырылған, онда 6 қабат пен 27 ішқабат бар. Соңғы жылы интерактивті картаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бірақ қазіргі уақытқа дейін инженерлік желілерге қосылудың нақты орны туралы ақпарат пен бос қуаттар туралы мәліметтер жоқ.

Бос жатқан жер учаскелері туралы ақпаратқа ашық қолжетімділік жоқ.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 43-бабына сәйкес жергілікті атқарушы органдар жер учаскесін беру негізін, нысаналы мақсатын, алаңын, орналасқан жерін, құқық түрін, жалға алу мерзімін көрсете отырып, халыққа қолжетімді жерлердегі арнайы ақпараттық стендтерде, сондай-ақ өзінің интернет-ресурсында және - облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың тиісті уәкілетті органының интернет-ресурсында ай сайын жариялау арқылы жер учаскесін алған адамдардың тізімі бар ақпаратты орналастыруға, ал тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында – тоқсанына кемінде бір рет жариялауға міндетті.

Сонымен қатар, мониторинг көрсеткендей, жоғарыда көрсетілген Заңның 2018 жылғы 20 мамырда заңды күшіне енгеніне қарамастан, жергілікті атқарушы органдар аталған талаптарды сақтамайды.

Осылайша, қалыптасқан жағдай кәсіпкерлік қызметті жоспарлау үшін қажетті, сенімді және пайдалы ақпарат алуға толық қол жетімділікті қамтамасыз етпейді.

Қолданыстағы жер заңнамасы бұзылған жағдайда бизнеске берілген жер учаскелерін алып қою мәселелері

Прокуратура органдары жүргізген тексерулердің нәтижелері бойынша 2015-2018 жылдар аралығында сауда-саттық (конкурстар, аукциондар) өткізбей жер учаскелерін беруде ЖАО-ның заңнамамен белгіленген талаптарды бұзуының 2 598 фактісі анықталды.

Ең көп бұзушылық төмендегі облыстарда орын алған:

Қарағанды – 717 факт;

Батыс Қазақстан-501 факт;

Қостанай – 321 факт;


Ақмола – 316 факт.

Еі аз бұзушылық Қызылорда облысында – 2 факті және Жамбыл облысында - 10.

Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің Ақмола, Қарағанды, Ақтөбе, Атырау, Қостанай және Шығыс Қазақстан облыстары әкімдерінің атына жолдаған хаттары негізінде өңірлік кәсіпкерлер палатасы, әкімдіктер, прокуратура өкілдерінің қатысуымен жер учаскелерін игеру тұрғысынан көзбен тексеру бойынша жұмыс топтары құрылды.

Бүгінде бұл мәселе толығымен шешілді.





МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС



ҚР БП – құқық қолдану тәжірибесінің тиімділігін талдау және оның іске асырылуын жетілдіру; кәсіпкерліктің жүйелі проблемаларын шешу

ЖОЛ ҚАРТАСЫ



ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс, мемлекеттік органдардың кінәлі лауазымды тұлғаларын жауапкершілікке тарту, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жетілдіру

ЖОЛ ҚАРТАСЫ



ҚР Жоғарғы соты – сот тәжірибесін талдау; сервистік және ақпараттық жүйелерді зерделеу және енгізу

ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ



ҚР Әділет министрлігі және ҚР Ұлттық экономика министрлігі – кәсіпкерлік қызмет саласында заң шығару жұмысын жетілдіру

ЗАҢ ШЫҒАРУШЫЛЫҚ



ҚР Қаржы министрлігі – салықтық және кедендік әкімшілендіру

АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ
КОМИССИЯ
КЕЛІСІМ

ҚР БАС ПРОКУРАТУРАСЫМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Жыл сайын қол қойылатын Жол картасы аясындағы Бас прокуратурамен бірлескен жұмысы бизнестің дамуына және кәсіпкерлік қызметке қолайлы жағдай тудыруға айтарлықтай серпін береді.

«КӘСІПКЕРЛІК САЛАСЫНДАҒЫ ПРОКУРАТУРА ҚАДАҒАЛАУЫ» I ФОРУМЫ (14 маусым 2016 жыл)

«КӘСІПКЕРЛІК САЛАСЫНДАҒЫ ПРОКУРАТУРА ҚАДАҒАЛАУЫ» II ФОРУМЫ (23 қараша 2017 жыл)

«КӘСІПКЕРЛІК САЛАСЫНДАҒЫ ПРОКУРАТУРА ҚАДАҒАЛАУЫ» III ФОРУМЫ (15 қараша 2018 жыл)

«КӘСІПКЕРЛІК САЛАСЫНДАҒЫ ПРОКУРАТУРА ҚАДАҒАЛАУЫ» IV ФОРУМЫ (11 қараша 2019 жыл)

Бірлескен жұмыстың негізгі басым бағыттары:

- бақылау-қадағалау органдары тарапынан бизнеске түсетін қысымды төмендету;
- қылмыстық процесте кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау;
- азаматтық және әкімшілік процестерде кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау;
- бизнес жүргізуге кедергі келтіретін әкімшілік кедергілерді жою;
- бизнесті жаппай дамыту;
- қылмыстық және әкімшілік заңнаманы ізгілендіру;
- лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін күшейту;
- бизнес пен мемлекет арасындағы дауларды талдау;
- тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру (ТБЖ);
- цифрландыру;
- құқық қолдану тәжірибесінің тиімділігін талдау және іске асырылуын жетілдіру;
- квазимемлекеттік секторды қысқарту және бәсекелестікті дамыту бойынша проблемаларды шешу;
- бақылау-қадағалау органдарының тәуекелдерді басқару жүйесін талдау, жүйелер жұмысының тиімділігін бағалау;
- өзара ақпараттық іс-қимыл.



Жұмыс қорытындысы:

- кәсіпкерлерге қатысты қылмыстық істерді тіркеу 8 есеге қысқарды;
- кәсіпкерлерді қамауға алуды болдырмау;
- алғаш рет қылмыс жасаған адамдарды жауапкершіліктен босату;
- рақымшылық жасау;
- 6 сала бойынша ТБЖ талдау (салық әкімшілігі, өрт қауіпсіздігі, СЭС, жер, еңбек заңнамасы, экология);
- қылмыстық заңнаманы ізгілендіру (ҚК-не түзетулер енгізілді, «Жалған кәсіпкерлік туралы» бап (215-бап) алынып тасталды, 6 бапқа жауапкершіліктен босату туралы ескертулер енгізілді (заңсыз кәсіпкерлік, заңсыз несие алу, монополистік қызмет, тауар таңбасын заңсыз пайдалану, акцизделетін тауарларды таңбалауды бұзу, салық төлеуден жалтару);
- әкімшілік заңнаманы ізгілендіру (маңызы шамалы құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауапкершіліктен босату институтын қайтару; ҚР ӘҚБТК-нің 300 құрамы бойынша айыппұлды 50% жеңілдікпен төлеу; 95 бап бойынша айыппұлдарды 30%-ға төмендету; 45 бап бойынша айыппұлдарды ескертуге ауыстыру; 15 бап бойынша қолданылатын жазаны жеңілдету; лицензияны/ рұқсатты мерзімінен бұрын жаңарту; 4 құрам бойынша тәркілеуді болдырмау, ҚР ӘҚБТК-нің 3 құрамы бойынша тәркілеудің баламалары енгізілді.);
- жүйелі мәселелерді бірлесіп шешу (70-тің 31-і шешілді);
- рұқсат етілген 73 тауар нарықтарына талдау жүргізілді, оның қорытындысы бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілері жүзеге асыратын 62 рұқсат етілген қызмет түрлерін алып тастау ұсынылды;
- жұмыс істеп тұрған заңды тұлғаларға олардың қызмет түрлерін жүзеге асырудың сәйкестігі мен негізділігі тұрғысынан тексеру жүргізілді, оның қорытындысы бойынша республикалық меншікке жатқызылған 301 кәсіпорынның 103-іне қатысты ұсынымдар әзірленді;
- жер учаскесін жалға алу және сатып алу-сату шарттарының Үлгі нысандары бекітілді;
- ҚР Кәсіпкерлік кодексінен алып тастауға жатқызылған 140 бап, 3 тармақ, (7), 16), 21), 22) тармақшаларында 4 сала бойынша тексеру рәсімдерінің болуы мәніне қатысты 9 салалық заңға талдау жүргізілді.
- бизнестің жүйелі проблемалары шешілді (көлік құралдары мен тіркемелерді сауда павильондары мен тамақтану пункттері ретінде қайта жабдықтауға рұқсат беру бөлігінде «дөңгелекті бизнес үшін» әкімшілік тосқауыл жойылды; жер учаскесінің нысаналы мақсаты өзгерген кезде кадастрлық құнын төлеуге мүмкіндік беретін проблемалық мәселені шешудің баламалы нұсқасы әзірленді).

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ (2017 жылғы 2 қыркүйек)

Келісімнің мақсаты - бизнес субъектілерінің жүйелі проблемаларын дер кезінде анықтау және шешу

Келісімнің бағыттары:

- Проблемалар тізілімін қалыптастыру, әкімшілік кедергілерді анықтау мен шешуге, сондай-ақ оларды еңсеруге бағытталған іс-шараларды әзірлеу және іске асыру;
- нормативтік құқықтық актілерге, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың құқық қолдану практикасына оларда әкімшілік кедергілердің болуы тұрғысынан бірлескен мониторинг жүргізу;
- өзара қызығушылық тудырған ақпаратпен алмасу;
- кәсіпкерлердің жүйелі проблемаларын шешу бойынша прокуратура органдары мен өңірлік палаталар жұмысының тиімділігін бағалау.

«КӘСІПКЕРЛІК САЛАСЫНДАҒЫ ПРОКУРАТУРА ҚАДАҒАЛАУЫ» IV ФОРУМЫ (2019 жылғы 11 қараша)

2020 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОЛ КАРТАСЫНА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Басым бағыттар:

- құқық қолдану тәжірибесінің тиімділігін талдау және іске асырылуын жетілдіру;
- квазимемлекеттік секторды қысқарту және бәсекелестікті дамыту бойынша проблемаларды шешу;
- сәулет-құрылыс және жер құқықтық қатынастары саласындағы мәселелерді шешу;
- бақылау-қадағалау органдарының Тәуекелдерді басқару жүйесін талдау, жүйелер жұмысының тиімділігін бағалау;
- кәсіпкерліктің жүйелі проблемаларын шешу;
- бизнестің мемлекет пен тұтынушылар алдындағы жауапкершілігін күшейту;
- өзара ақпараттық іс-қимыл.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАНЫ ІЗГІЛЕНДІРУ

2017 жылы ҚК-не түзетулер енгізілді (ҰКП мен БП ұсыныстары), «Жалған кәсіпкерлік туралы» бап алынып тасталды (215-бап), 6 бапқа жауапкершіліктен босату туралы ескертулер енгізілді (заңсыз кәсіпкерлік, заңсыз несие алу, монополистік қызмет, тауар таңбасын заңсыз пайдалану, акцизделетін тауарларды таңбалауды бұзу, салық төлеуден жалтару).

Құқық бұзушылық туралы хабарламаларды тіркеу ережелері өзгертілді (БП 19.09.2014 ж. № 89 бұйрығы). Егер: (1) тексеру актілерімен расталған залал туралы мәліметтер болмаса; (2) бұзушылықтар азаматтық-құқықтық мәмілелерді орындаумен байланысты болса; (3) салықтық немесе азаматтық-құқықтық дау болса; (4) салықтық тексеру актісі болмаса, хабарламалар тіркеуге жатпайды.

Нәтижесінде экономика саласындағы қылмыстық істерді тіркеу 8 есеге қысқарды (2015 жылы 8170 іс-тен 1053 іске дейін (2019 жылдың статистика деректері)).

2015, 2016, 2017, 2018, 2019 жылдары тіркелген қылмыстық құқық бұзушылық туралы мәлімет



ҚР БАС ПРОКУРАТУРАСЫ ЖАНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫМЕН ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН КҮШЕЙТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫС

Лауазымды тұлғалардың өз міндеттерін сапасыз орындауы бизнесті бұзылған құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін барлық сатылар мен қоғамдық институттарға жүгінуге және шағым жасауға мәжбүрлейді және проблемалардың туындауына әкеп соғады. Кәсіпкерлердің құқықтарын бұзатын лауазымды тұлғалар іс жүзінде ешқандай жауапкершілікке тартылмайды.

Анықтама:

Құқықтық статистика мәліметтері бойынша, лауазымды тұлғалардың әрекеттеріне қатысты түскен шағымдардың саны 2016 жылы 44 920, 2017 жылы – 45 086, 2018 жылы – 52 051 құрады. Шағымдарды дұрыс қарамағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке 2016 жылы 17 адам, 2017 жылы – 81, 2018 жылы – 61 адам тартылды.

Заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі келтіргені үшін қылмыстық жауапкершілік көзделген – ҚР ҚК 365-бабы. Бұл бап іс жүзінде жұмыс істемейді.

Анықтама:

2016 жылы осы бап бойынша 7 құқық бұзушылық бойынша қылмыстық іс қозғалды, 5-уі сотқа жіберілді, 3 адам сотталды. 2017 жылы 5 құқық бұзушылық бойынша қылмыстық іс қозғалып, 2-уі сотқа жіберілді, 1 адам сотталды. 2018 жылы-нөлдік статистика.

Мұндай статистиканың себептері әртүрлі болуы мүмкін – 365-бапты сыбайлас жемқорлық қылмыстарға жатқызу (жауапкершілікті іс жүзінде жоятын сүзгілердің болуы), осы баптың құрамын тым кең түсіндіру, ҚК баптарының бәсекелестігі және т. б.

Осыған байланысты, кәсіпкерлік қызмет субъектілеріне қарсы қылмыстарды кешенді түрде қайта қарап, кеңейтіп, топтастырған жөн (Өзбекстан Республикасының ҚК үлгісі бойынша).

Сондай-ақ әкімшілік жауапкершілік бөлігінде «Лауазымды адамдардың кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласуы» ӘҚБТК-нің 173-бабы бар. Тәжірибе көрсеткендей, бұл бап бойынша ешкім жауапқа тартылмайды.

Анықтама:

Құқықтық статистика мәліметтері бойынша, 2016 жылы 3 әкімшілік құқық бұзушылық тіркеліп, 1 жаза қолдану туралы қаулы шығарылды. 2017 жылы-нөлдік статистика. 2018 жылы 3 әкімшілік құқық бұзушылық тіркеліп, 2 қаулы шығарылды.

ӘҚБТК-те бизнеске араласу бөлігінде 175 «Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне тексеру жүргізу тәртібін бұзу» және 175-1 «Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне бару арқылы бақылаудың және қадағалаудың өзге де нысандарын негізсіз жүргізу» баптары бар.

Осы баптар бойынша хаттаманы кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган жазуы тиіс, ол Ұлттық экономика министрлігі болып табылады. Алайда Министрліктің өңірлерде бөлімшелері жоқ. Бұл функция ұйымдастыру тұрғысынан бекітілмеген және ол іс жүзінде жұмыс істемейді.

Осындай құқық бұзушылықтар бойынша нақты жұмыс істейтін өзге мемлекеттік органды анықтау қажет (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның құзыретіне жатқызу).

Жалпы, бизнеске араласқаны үшін әкімшілік жазалау жүйесін кешенді түрде қайта қараған жөн. Бұл өзгерістер қылмыстық заңнамаға түзетулер енгізумен қатар жүргізілуі тиіс.

2019 жылы ҚР Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы қылмыстық істерді тергеу кезінде әрекетсіздік пен сөзбұйдаға салу, кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзғаны үшін мемлекеттік қызметкерлерді жауапкершілікке тартудың қолданыстағы тетіктерінің тиімділігі мәселелері бойынша зерттеулер жүргізді.

Зерттеу нәтижелері 2019 жылы 15 қарашада криминологиялық форумда талқыланды.

Зерттеу мен Криминологиялық форумның қорытындысы бойынша әзірленген ҚК және ӘҚБТК жетілдіру жөніндегі ұсыныстар 2019 жылдың желтоқсанында ҚР БП жанындағы ведомствоаралық жұмыс тобында одан әрі қарау үшін ҚР Бас прокуратурасының атына енгізілді.



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ АГЕНТТІКПЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

2016 ЖЫЛ 5 ЖЕЛТОҚСАН, АСТАНА, СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ І ФОРУМЫ

2017 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОЛ КАРТАСЫ

Іс-шаралар жоспары: 16 сала бойынша мемлекеттік органдар қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау:

- денсаулық сақтау;
- ЖАО кәсіпкерлікті дамыту мәселелері;
- ауыл шаруашылығы;
- сәулет және қала құрылысы;
- энергетика және ТКШ;
- жер қатынастары;
- мемлекеттік сатып алулар мәселелері;
- салықтық әкімшілендіру;
- кедендік әкімшілендіру;
- табиғатты пайдалану және экология;
- ветеринарлық қадағалау;
- санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау;
- өрт қауіпсіздігі;
- өнеркәсіптік қауіпсіздік;
- сот актілерін орындау;
- көліктік бақылау.

Қорытынды: 139 ұсыныс енгізілді, сондай-ақ заңнаманы және құқық қолдану тәжірибесін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірленді.



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ІІ ФОРУМЫ, 2018 ЖЫЛҒЫ 28 АҚПАН, АСТАНА



2018 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОЛ КАРТАСЫ

Іс-шаралар жоспары:

- кәсіпкерлерге ақпарат берудің ақпараттық жүйелері мен тетіктерінің тиімділігін талдау;
- мемлекеттік қызмет көрсету және мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау;
- мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларының бәсекелестікке қарсы әрекеттерін (әрекетсіздіктерін) анықтау және жолын кесу;
- кәсіпкерлік субъектілерінің жүйелі проблемаларын шешу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жетілдіру;
- ақпараттық жүйелер арқылы сатып алулар, оның ішінде квазимемлекеттік сектордағы сатып алулар саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Қорытынды:

- I. 5 салада (ауыл шаруашылығы; құрылыс; табиғи монополияларды реттеу; техникалық реттеу; экология) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізілді. 77 түрлі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталды (56-сы заңнамалық, 21-і ұйымдастырушылық сипатта).

20 ТҮРЛІ «СҰР» СХЕМА АНЫҚТАЛДЫ

ауыл шаруашылығы саласында:

- ауыл шаруашылығы өндірісінің нақты көлемін асыра көрсету;
- құжаттарды теріс пайдалану, бұрмалау;
- егіс алқабының көлемі асыра көрсетілген өтінімді қарау кезінде оң шешім шығару арқылы жәрдем көрсету;
- ветеринариялық-санитариялық талаптарға сай келмейтін өнімді өткізуге рұқсат беру.

Мысалы, бақтарды субсидиялау бойынша Түркістан қаласындағы бақтың нақты алаңы инвестор мәлімдеген және жұмыс органы растаған алаңға сәйкес келмеу фактілері анықталды.

құрылыс, сәулет, қала құрылысы саласында:

- құрылыс лицензияларын беру кезінде;
- жер учаскесін жалдау құқығын сату бойынша аукциондарды ұйымдастыру және өткізу кезінде;
- мемлекеттік қызмет көрсету кезінде, сарапшыларды аттестаттау кезінде (сараптамалық жұмыстар және инжинирингтік қызметтер көрсету);
- бақылау-қадағалау функцияларын іске асыру кезінде.

Мысалы, Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті мен жергілікті Мемлекеттік сәулет құрылыс бақылау басқармасы тарапынан орын алған екі жақты бақылау.

техникалық реттеу саласында:

- бюджет қаражатын пайдалануда;
- ұлттық техникалық регламенттерді әзірлеуге тапсырыстарды бөлуде;
- сәйкестікті растау жөніндегі аккредиттелген органдардың және сынақ зертханаларының қызметіне бақылауды ұйымдастыруда.

табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау саласында:

- сұратылған деректерді беру мерзімдерін ұзарту кезінде;
- әкімшілік жауапкершілікке тарту кезінде.

Мысалы, жекелеген кәсіпкерлерге артықшылық беру арқылы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына ықпал ететін, оларға мерзімдерді ұзартуға мүмкіндік беретін және ықтимал әкімшілік жауапкершіліктен алшақтататын жағдайлар анықталды.

экология саласында:

- өндірістік экологиялық бақылауды жүзеге асыру кезінде;
- аудит жүргізу кезінде экологиялық залал құнын төмендету;
- тауарларды жою мүмкіндігі туралы қорытындыны беру рәсімінің болмауы;
- қайталанатын процестер анықталды.

- II. Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар әзірленді;
- III. Реттеуші құралдар қайта қаралды (РӘТ);
- IV. Лауазымды тұлғалардың қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауапкершілігін күшейтуге бағытталған заңнамалық актілерге түзетулер енгізу бойынша ұсыныстар әзірленді;
- V. Бизнесті және инвестицияларды қорғау жөніндегі «Protecting business and investments» жобасы іске қосылды;
- VI. «Іскерлік ахуал» - «Сыбайлас жемқорлық бойынша арнайы шолу» рейтингінің қорытындыларын қалыптастыру үшін зерттеу жүргізілді;
- VII. «Жария құқықтың заңды тұлғалары» институтын енгізу туралы ұсыныстар әзірленді.



«PROTESTING BUSINESS AND INVESTMENTS» БИЗНЕСТІ ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ЖОБА ЖҰМЫСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫН ТАЛҚЫЛАУ БОЙЫНША ДИАЛОГТЫҚ АЛАҢ



2018 жылы 27 қарашада Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Инвестициялар және даму және Сыртқы істер министрліктерімен бірлесіп «Protecting business and investments» бизнес пен инвестицияларды қорғау жөніндегі жоба жұмысының қорытындыларын талқылау бойынша диалогтық алаң өткізді.

«АВТОЖОЛ САЛАСЫНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ КӨРІНІСТЕРІНІҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ



Қостанай облысы, 29-30 қараша 2018 жыл.
«ҚазАвтоЖол ҰК» АҚ мен «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы арасында Қазақстан кәсіпкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі хартиясын іске асыру бойынша Жол картасына қол қойылды.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ІІІ ФОРУМЫ, 15 наурыз 2019 жыл



2019 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОЛ КАРТАСЫ

Іс-шаралар жоспары:

- кәсіпкерлерге ақпарат берудің ақпараттық жүйелері мен тетіктерінің тиімділігін талдау;
- мемлекеттік қызмет көрсету және мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау;
- мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларының бәсекелестікке қарсы әрекеттерін (әрекетсіздіктерін) анықтау және жолын кесу;
- кәсіпкерлік субъектілерінің жүйелі проблемаларын шешу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жетілдіру;
- ұйымдастырушылық-ақпараттық мәселелер.

Қорытынды:

- ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-мен бірлесіп ЖАО геоақпараттық порталдары үшін бірыңғай талаптарды бекітті, олар «Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры» ақпараттық жүйесімен интеграцияланатын болады;
- МКК-мен бірлесіп «Тәуекелдерді басқару жүйесін» (ТБЖ) қолдану стратегиясы мен тәсіліне қатысты ескертулер талқыланды;
- тауардың кедендік құнын бақылаудың жаңа тетігі пысықталды;
- міндетті алдын ала электрондық ақпараттандырумен МДП-ны қолдану жүйесі бойынша ұсыныстар әзірленді: (TIR ERD);

- экономикалық контрабандаға және баждар мен алымдарды төлеуден жалтарғаны үшін қолданылатын жазаны шектейтін ұсыныстар, сондай-ақ әкімшілік жауапкершілік шараларын фискалдандыру бойынша түзетулер дайындалды және Қаржы мониторингі комитетіне жіберілді;
- сауда объектілерінде ерекше тәртіп бойынша тексерулер жүргізу бойынша заңнамалық нормаларды бекіту туралы ұсыныстар әзірленді;
- «Іскерлік ахуал»-«Сыбайлас жемқорлық бойынша арнайы шолу» рейтингілерінің қорытындыларын қалыптастыру үшін зерттеу жүргізілді;
- корпоративтік басқарудың ұлттық стандарттарын және қазақстандық компаниялардың корпоративтік басқару деңгейін бағалау және рейтинг әдістемесін қалыптастыру тұжырымдамасы әзірленді;
- «Жария құқықтың заңды тұлғалары» институтын енгізу бойынша зерттеу жүргізілді;
- түрлі салаларда «Өзін-өзі реттеу институтын» жетілдіру мәселелері бойынша талдау жүргізілді.





ҚР ЖОҒАРҒЫ СОТЫМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

2017 ЖЫЛ, 7 ЖЕЛТОҚСАН, «СОТТА БИЗНЕСІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЗАҢДЫ
МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ» ФОРУМЫ

ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ:

Сараптамалық жұмыс

- 7 сала бойынша кәсіпкерлердің дауларын зерттеу (салық, кеден, мемлекеттік сатып алулар, экология, банкроттық, әкімдіктермен және квазимемлекеттік компаниялармен туындайтын даулар);
- сот тәжірибесін қалыптастыру;
- Салық кодексіне түсініктеме әзірлеу.

Жаңа сандық технологиялар

- сот сервистерінің функционалын жақсарту;
- пилоттық жоба (жасанды интеллектті енгізу мүмкіндігін бағалау).

Құқықтық жалпы оқыту

- кәсіпкерлердің типтік қателерін жүйелеу (жадынама);
- типтік шарттар банкін» құру.

Өзара ақпараттық қарым-қатынас

Қорытынды:

I. 7 сала бойынша сот тәжірибесіне ТАЛДАУ жүргізілді:

- кеден органдарымен даулар бойынша: тауарды негізсіз қайта квалификациялау, құны туралы ақпараттың болмауы және т.б.
- салықтық әкімшілендіру саласындағы даулар бойынша: мәмілелерді жарамсыз деп тану, тексеру мерзімдерін бұзу және т.б.;
- мемлекеттік сатып алулар саласындағы даулар бойынша: кереғар тәжірибе, рәсімдерді регламенттеудің жеткіліксіздігі және т. б.;
- квазимемлекеттік сектор компанияларымен даулар бойынша: берешекті өндіріп алу, жосықсыз қатысушылар деп тану және т.б.;
- жергілікті органдармен даулар бойынша: артық құжаттарды талап ету, жер учаскелерін алып қою рәсімдерінің бұзылуы және т.б.;
- оңалту және банкроттық саласындағы даулар бойынша: төлем қабілеттілігі туралы дәлелдердің болмауы, сапасыз қорытындылар және т.б.;
- экология саласындағы даулар бойынша: эмиссия үшін төлемді негізсіз қосымша есептеу, залал келтірілмегендігін дәлелдеуге қатысты проблемалар және т.б.

II. «Жасанды интеллект» жүйесін енгізу бойынша жұмыстар басталды

Жасанды интеллект жүйесі кәсіпкерлерге сот актілерін іздеуге және сот істерінің ықтимал қорытындысын болжауға мүмкіндік береді.

Жобаны іске асыру соттарға түсетін жүктемені азайтады, сот актілерінің ашықтығын, сот тәжірибесінің біркелкілігін және прецеденттік құқықты енгізуді қамтамасыз етеді, бұл сайып келгенде соттарда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуге әкеледі.

Судьяларға арналған жүйе істің санатын анықтауға, жағдайдың мән-жайы мен мағынасы бойынша ұқсас істерді іздеуге, «өмірлік циклді» барлық сот инстанциялары бойынша қадағалауға, сот шешімдерін шығару кезіндегі ауытқушылықтарды анықтауға үйретілген.

Азаматтарға арналған жүйе істің мән-мағынасы мен жағдайына ұқсас істің санатын анықтауды, сонымен қатар Жасанды Интеллект алгоритмдерінің көмегімен сотқа арыз берушінің жеңіп шығу ықтималдығын болжайды.

Жүйеге жүктеу үшін 1 200 000 сот актісі мен 120 000 талап арыз берілді.

2019 жылдың 26 шілдесінде Нұр-сұлтан және Алматы қалаларының қалалық соттарында жүйені тестілеу үшін және қолайсыздықтар мен қателерді түзету мақсатында пилоттық жоба іске қосылды.

Жұмыс 2020 жылдың ақпан айында аяқталады деп жоспарланып отыр.

III. Судьялар корпусы үшін:

1. салық заңнамасы;
2. кеден заңнамасы салаларында заңнама бойынша оқыту курстары өткізілді.

IV. «Типтік шарттар банкі» құрылды

Кәсіпкерлер арасында «Шарттар конструкторы» жобасы енгізілді және белсенді түрде таратылып жатыр.

Өнім кәсіпкерлік қызмет барысында әртүрлі құжаттарды рәсімдеу кезінде кәсіпкерлік субъектілеріне тәжірибелік көмек көрсетуге бағытталған.

Жоба интернет желісінде орналастырылған, қолжетімді (іздеу сілтемесі [«contract.atameken.kz»](http://contract.atameken.kz))

Ең танымал құжаттардың 100 үлгісі, мемлекеттік органдардың 500-ден астам консультациясы және 10 000-нан астам түсініктемелері тегін ұсынылып отыр.

2019 жылы іс жүргізу құжаттарының үлгілерін орналастыру – қосымша қызметті қосу арқылы жобаның мүмкіндіктері кеңейтілді.

«АШЫҚ ДИАЛОГ - БИЗНЕС ЖӘНЕ СОТ ТӨРЕЛІГІ» КЕҢЕСІ 14 наурыз 2019 жыл



Іс-шаралар жоспары:

1. Сот тәжірибесіне мониторинг жүргізу
 - Құрылған жұмыс топтары аясында анықталатын кәсіпкерлердің түрлі салалардағы дауларын зерделеу;
 - сот тәжірибесін қалыптастыру;
 - Салық кодексіне түсініктеме әзірлеу.
2. Жаңа сандық технологиялар
 - пилоттық жоба (сот шешімдерін іздеу және болжау бойынша жасанды интеллект енгізу).
3. Жаппай құқықтық білім беру
 - «Типтік шарттар банкі» құру;
 - Жоғарғы соттың судьялар корпусы үшін оқыту курстарын өткізу.
4. Өзара ақпараттық қарым-қатынас.

Қорытынды:

1. Құқық қолдану тәжірибесіне талдау жүргізілді:
2. жер қатынастары саласында келесі басты мәселелер талқыланды:
 - жер учаскелерін алып қоюдың даулы мәселелері;
 - жалдау шарттарын жарамсыз деп тану;
 - жер учаскелерін игеру мерзімдері мен шарттарын анықтау.

Топ жұмысының нәтижесі:

- Соттардың жер заңнамасын қолдануының кейбір мәселелері туралы «Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының 2007 жылғы 16 шілдедегі №6 нормативтік қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының нормативтік қаулысының жобасы әзірленді.

Жоғарғы Соттың жалпы отырысында нормативтік қаулы қабылданады деп күтілуде және «жер учаскесінің игерілмеуі» себептерін анықтау бойынша ұсыныстар әзірленді.

2. салықтық құқық қатынастары саласында төменде көрсетілген басты мәселелер талқыланды:

- мәмілелерді жарамсыз деп танудың даулы мәселелері;
- салық салу саласындағы құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту;
- құқық бұзушылықтың осы санатын саралаған кезде залал ұғымын және шекті мәндерді анықтау.

Топ жұмысының нәтижесі:

- «ҚР ҚК 216-бабына (жалған шот-фактураларды жазып беру) және Салық кодексінің жекелеген нормаларына өзгерістер енгізуге қатысты ұсыныстар әзірленді.

Бұл ұсыныстарды мемлекеттік органдар қабылдап алды, бұл ұсыныстарды уәкілетті мемлекеттік органдар қабылдап алды.

3. жер қойнауын пайдалану саласында (келісімшарттық міндеттемелер)

Топ жұмысының нәтижесі:

- мәселелердің негізгі 4 тобы бойынша ұсынымдар әзірленді:
 - істердің осы санаты бойынша талап қоюдың ескіру мерзімін қолдану туралы;
 - айыппұл төлеуден босату туралы;
 - айыппұл сомасын төмендету туралы;
 - дауды соттан тыс реттеудің мүмкіндігі туралы.

Жер қойнауын пайдалану саласындағы құзіретті органның хабарламаларының құқықтық сипаты туралы мәселе қосымша пысықталды.

4. монополияға қарсы реттеу саласында

Жұмыс нәтижесі:

- монополияға қарсы органмен болатын даулар бойынша құқық қолдану тәжірибесіне талдау жүргізілді және қорытынды жарияланды;
- монополияға қарсы органның кейбір актілеріне шағым түсіру мүмкіндігіне қол жеткізілді, бұрын қозғалатын азаматтық істер мәселенің байыбына жетпей, қараусыз тоқтатылатын еді.

Өзге де мәселелер:

- II. Жоғарғы сотқа талқылау үшін Салық кодексінің Жалпы бөліміне берілетін түсініктеменің бастапқы редакциясы енгізілді.
- III. «Кеден заңнамасын қолданудың сот тәжірибесі туралы» ҚР Жоғарғы сотының түсіндіруге жататын өзекті даулар мен мәселелер бойынша нормативтік қаулысының жобасы дайындалды (24.04.2019 ж. №4571/06 және 14.06.2019 ж. № 7003/06 ҰКП хаттары) (ҚР ЖС қаулысының жобасы бекіту сатысында).
- IV. Судьялар корпусы үшін:
 - салықтық заңнама;
 - кедендік заңнама;
 - трансферттік заңнама бойынша оқыту курстары өткізілді.
- V. Монополияға қарсы органмен болатын даулар бойынша судьялар корпусы үшін оқыту семинарлары өткізілді
- VI. «Типтік шарттар банкі» өнімін кеңейту бойынша жұмыстар жүргізілді.
- VII. Сот шешімдерін іздеу және болжау бойынша жасанды интеллект енгізуге қатысты жұмыстар жүргізілді.





ҚР ҰЭМ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Мемлекет басшысының Қазақстанның Дүниежүзілік Банктің «Doing Business» рейтингісінің алғашқы 30 елінің қатарына кіруін қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында Үкімет «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп бизнес-ортаны жетілдіру бойынша жүйелі негізде жұмыс жүргізіп жатыр.

Соңғы бірнеше жылда Қазақстандағы іскерлік ахуалды түбегейлі жақсарту бойынша 7 үлкен заң қабылданды.

Маңызды реформалар іске асырылды.

Бизнесті реттеуді жақсарту шараларына халықаралық рейтингтік ұйымдар оң баға берді.

Қазақстан бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша әлемнің топ-30 еліне кірді.

2019 жылғы 24 қазанда жарияланған Дүниежүзілік Банктің «Doing Business 2020» рейтингісінің нәтижелері бойынша Қазақстан былтырғы жылмен салыстырғанда 3 позицияға көтеріліп, 25-ші орынды иеленді.

Қазақстан ТМД елдері арасында көш бастап келеді. Сонымен қатар, Исландияны (26-орын), Австрияны (27-орын), Жапонияны (29-орын), Испанияны (30-орын) және басқа да көптеген елдерді басып озды.



ІСКЕ АСЫРЫЛҒАН РЕФОРМАЛАР

2016-2019 жж.

2016 жыл

2016 жылдың 29 наурызында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру құжаттарын қысқарту және рұқсат беру рәсімдерін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы қабылданды.

Заң:

рәсімдер санын, мерзімдерін және бизнестің қаржылық шығындарын қысқартуға, атап айтқанда, жалпы дауыс санының жиынтығында он және одан да көп пайызына ие ЖШС қатысушыларына кезектен тыс жалпы жиналысты шақыру құқығын беруге;
жылжымайтын мүлікке мемлекеттік тіркеуді жүргізу мерзімдерін 5-тен 3 жұмыс күніне дейін қысқартуға;
кредитордың өз талаптарының мөлшеріне, сондай-ақ өзге кредиторлардың талаптарының негізі мен мөлшеріне шағым түсіру құқығын бекітуге;
электрмен жабдықтауда сенімділік үшін энергия беруші ұйымдардың жауапкершілігін арттыруға бағытталған.

Аталмыш түзетулер пакеті қабылданғаннан кейін келесі реформалар іске асырылды:

1. Электр энергетикасы саласындағы уәкілетті органның құзыреті электрмен жабдықтау сенімділігі көрсеткіштерінің нормативтік мәндерін, сондай-ақ оларды айқындау тәртібін әзірлеумен және бекітумен толықтырылды.
2. Энергия беруші ұйымдар үшін электрмен жабдықтау сенімділігі көрсеткіштерінің бекітілген нормативтік мәндерін сақтау бойынша міндет енгізілді.
3. Электрмен жабдықтау сенімділігі көрсеткіштерінің бекітілген мәндерін сақтамағаны үшін энергия беруші ұйымдардың басшыларына айыппұл салу енгізілді.
4. Реформадан кейін жылжымайтын мүлікпен мәмілені куәландыру кезінде ауыртпалықтар болмаған жағдайларда нотариустың іс-әрекеті заңды түрде бекітілген.
5. Жарғылық капиталдың 5%-на ие акционерлер үшін акционерлердің жалпы жиналысында күн тәртібіне талқылау үшін тармақтар енгізу құқығы белгіленді.
6. Жарияланған күннен кейін дивидендтерді төлеудің ең жоғары мерзімі анықталды.
7. Қоғамның 50% және одан да көп активтерін сату кезінде акционерлердің мақұлдау қажеттілігі туралы норма белгіленген.



2017 жылдың 27 ақпанында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық, банктік заңнаманы жетілдіру және кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы қабылданды.


Заң:

- миноритарлық инвесторлардың құқықтарын қорғауға;
- салық салу, несие алу, құрылысқа рұқсат алу саласындағы рәсімдерді оңайлатуға;
- жаңа құрылыс объектілері үшін техникалық паспорт дайындау жөніндегі талаптардың күшін жойып, сотқа талап қою рәсімін және т.б. оңайлатуға бағытталған.

Осы түзетулер пакетін қабылдағаннан кейін мынадай реформалар іске асырылды:

1. ЭШФ қолданатын өнім берушілер бойынша қарсы тексерулер жойылды
2. Өнім берушілер ұзартуды ескере отырып есептілікті ұсынғаннан кейін тақырыптық тексерулер жүргізу мерзімдерін есептеу талабы енгізілді
3. Басқарушы компанияның қаржылық қамтамасыз етуі жөніндегі талаптары алынып тасталды және АЭА қатысушыларына жауапкершілік жүктелді.
4. ЭШФ 100% жазып берілген жағдайда ҚҚС қайтару мерзімі 30 жұмыс күніне дейін қысқартылды.
5. «Электрондық Үкімет» порталы базасында жылжымалы мүлік кепілінің бірыңғай тізілімі құрылды, ол жылжымалы мүлік кепілі туралы ақпарат алуды, жылжымайтын мүлікке кепілді тіркеуге және алуға өтініш беруді қамтамасыз етеді.
6. Жылжымалы мүлік кепілі шартында міндетті түрде бағалауды көрсету жөніндегі талап алынып тасталды.
7. Тауарларды электрондық декларациялауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, кедендік рәсімдерді жеңілдететін және тездететін, кедендік декларацияны тіркеуді және шығаруды автоматтандыратын «АСТАНА-1» ақпараттық жүйесі енгізілді;
8. Энергетикалық сараптамадан өту қажеттілігі алынып тасталды.
9. Жер жұмыстарын жүргізу үшін ордер алу жөніндегі талап жойылды.
10. Электр энергиясын есепке алу аспаптарын пломбалау және электрмен жабдықтау шартын жасасу рәсімдері оңтайландырылды.
11. Құрылыс-монтаж жұмыстарын бастамас бұрын хабарлама беру қажеттілігі алынып тасталды.

12. ШОК субъектілерін электрондық тіркеу кезінде бір мезгілде банктермен және сақтандыру ұйымдарымен шарттар жасасу, сондай-ақ ҚҚС бойынша тіркеу есебіне тұру мүмкіндігі енгізілді.
13. Қосымша куәлік алу үшін жүгінудің алдын алу мақсатында мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке басшы, құрылтайшылар туралы мәліметтер және үлгі жарғы негізінде қызметті жүзеге асыру туралы жазбамен толықтырулар енгізу туралы талап енгізілді.
14. Миноритарлық қатысушылармен ірі бизнес субъектілері ЖШС үшін жылдық қаржы аудитін жүргізу бойынша міндет енгізілді. Миноритарлық қатысушысы бар орта бизнес субъектісі ЖШС миноритарлық қатысушылардың талабы бойынша жылдық қаржылық аудит жүргізетін болады.
15. Банкроттық рәсімі кезінде кепіл ұстаушыға өтеуін төлеп алмай жер пайдалану құқығы берілді.
16. Банкроттықты басқарушының жауапкершілігі күшейтілді.
17. Банкроттықты басқарушы сыйақысының ең жоғары мөлшері белгіленді.
18. Кредитордың кредиторлар жиналысына келмеуінің дәлелді себептері белгіленді.
19. Банкроттықты басқарушының өкілеттіктері кеңейтілді.
20. Техникалық күрделі емес объектілер үшін СЖТ беру мерзімі 6 жұмыс күніне дейін қысқартылды.
21. Құрылыс және салалық сараптамалардың сараптамасын ведомстводан тыс бірыңғай кешенді сараптамаға біріктіретін «бір терезе» қағидаты енгізілді.
22. Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуді бастау туралы хабарлама тәртібі енгізілді (10-20 минут).
23. Іске қосылатын объектіге техникалық паспорт беру рәсімі алынып тасталды.



2018 жылдың 24 мамырында Елбасы кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша ҚР Заңына қол қойды.

Заңда төмендегі мәселелерге баса назар аударылды:

- мемлекеттің бақылау функцияларын шамамен 30%-ға қысқарту,
- профилактикалық бақылау институтын енгізу;
- табиғи монополиялар мен квазимемлекеттік сектор ұсынатын қызметтерді ретке келтіру;
- бизнестің жаппай шығындарын азайту;
- бәсекелестікке кедергі келтіретін нормаларды алып тастау;
- «Doing Business» рейтингінде Қазақстанның көрсеткіштерін жақсарту.

Осы түзетулер пакеті қабылданғаннан кейін мынадай реформалар іске асырылды:

1. Мемлекеттік органдар мен қаржы ұйымдарына жеке кәсіпкерлік субъектілерінің құжаттарында мөрдiң болуын талап етуге тыйым салынды.
2. Сот органдарына құжаттарды электрондық форматта беру тәртібі және сот талқылауы барысында техникалық құралдарды қолдану заң жүзінде бекітілді.
3. Құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу құрамында жобаларды экологиялық сараптау бөлігінде «бір терезе» қағидаты жетілдірілді.
4. Құрылыс объектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау тәртібі регламенттелді.
5. Қалалар үшін бірыңғай сәулет стилі ұғымы енгізілді.
6. Жергілікті атқарушы органдарда нобайлық жобалардың, объектілердің бас жоспарларының артық келісімдерін болдырмау мақсатында техникалық шарттарды беру кезінде егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын әзірлеу тәртібі енгізілді.
7. Тапсырыс берушінің тиісті жер пайдалану құқығы болған жағдайда, жергілікті атқарушы органдарға қосымша шешімді талап етуге тыйым салынды.
8. Банкроттық және оңалту рәсімдерін қаржыландырудың қосымша көздерін тарту үшін факторинг және қаржы лизингі құралдары енгізілді.
9. Кейін жер және құқықтық кадастрды біріктіру мақсатында жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу жөніндегі функцияларды ҚР Әділет министрлігінен «Азаматтарға арналған үкімет «Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-ға беру іске асырылды.

10. Акционерлердің жалпы жиналысында қоғамның қызығушылығын тудырған ірі мәміле жасау туралы шешім қабылдау мүмкіндігі енгізілді.
11. Директорлар кеңесінің және (немесе) Қоғамның атқарушы органының жеке мүшесінің жыл қорытындысы бойынша сыйақы мөлшері туралы ақпаратты ашу бойынша талап енгізілді.
12. Тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалануға беру алдында энергетикалық сараптама жүргізу қажеттілігінің күші жойылды.
13. Электрмен жабдықтау желілеріне қосуға өтінім беру, сондай-ақ электр энергиясын есепке алу аспабын пломбалау рәсімі алынып тасталды. Оның орнына электр қондырғыларын және жеткізу кернеулерін пломбалау қажеттігі туралы хабарламаны энергиямен жабдықтаушы ұйым шарттар жасасу үшін қажетті құжаттарды энергия беруші ұйым энергиямен жабдықтаушы ұйымға ұсынғаннан кейін энергия беруші ұйымға жібереді.
14. МСҚБ-дан жер қазу жұмыстарына рұқсат алу рәсімі алынып тасталды. Оның орнына құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы хабарлама мен жол жүру бөлігінде жұмыс жүргізіліп жатқандығы туралы ескертуді құрылыс-монтаждау ұйымы жібереді.
15. Іріктеп тексерулердің күші жойылды және профилактикалық бақылау мен қадағалау енгізілді.
16. Тексеру жүргізу мерзімдері қысқартылды.
17. Жер учаскелерін беру процесінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында берілген жер тізбесін ай сайын жариялау жөнінде ЖАО-ларға талап енгізілді.
18. Жер учаскесіне құқық беруден бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік 90 күннен кешіктірмей әкімдіктердің аукциондар өткізу және өткізу мерзімдері жөніндегі міндеті заң жүзінде бекітілді.
19. Техникалық шарттарды беру тәртібі, кезеңдері мен мерзімдері заң жүзінде регламенттелді.
20. Табиғи монополия субъектісінің еркін және қол жетімді қуаттардың болуы туралы ақпаратты, сондай-ақ реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің инженерлік коммуникацияларының схемаларын тоқсан сайын жаңарту және жариялау жөніндегі міндеті енгізілді.
21. II-IV санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу жөніндегі талап алынып тасталды.
22. Монополиялық немесе үстем жағдайға ие нарық субъектілерінің әртүрлі бағаларды қолдануының жол берілетін жағдайларының тізбесі белгіленді.
23. Тауарларға, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге баға белгілеуге мемлекеттік монополия субъектілерінің өтінімдерін қарау кезінде жария тыңдаулар өткізу жөніндегі уәкілетті органдардың міндеті белгіленді.
24. Қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйымға декларацияны дербес әзірлеуге құқық беретін аттестаттың болуы жөніндегі талап алынып тасталды.

2019 жылдың 2 сәуірінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес-ортаны дамыту және сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы қабылданды.

Заң:

- кәсіпкерлік қызметті дамыту үшін жағдай жасау және сауда саласына инвестициялар тартуға;
- мемлекетпен, оның ішінде ЕЭО-мен сауданы одан әрі дамытуға;
- тауарларды таңбалау арқылы олардың заңды айналымын қамтамасыз ету, сондай-ақ кассалық машиналарды онлайн-бақылауды енгізуге;
- электрондық және биржалық сауданы жетілдіруге;
- Doing business рейтингінде Қазақстанның позициясын жақсартуға бағытталған.

Осы түзетулер пакетін қабылдағаннан кейін:

1. Салық төлеушілер ҚҚС бақылау шотын ерікті негізде қолданған кезде қайтару мерзімі 15 жұмыс күніне дейін қысқартылды.
2. Мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында директорлар кеңесінің мүшелерінен аудит жөніндегі комитеттің құрамын анықтау заң жүзінде бекітілді.
3. Миноритарлық акционерлердің акционерлерді қоғамның лауазымды тұлғаларының жауапқа тарту үшін адастыру ниетін сотта дәлелдеуі қажет деген талап алынып тасталды.
4. Заңды тұлғаны тіркеу кезеңінде банкте ағымдағы шот ашу, ҚҚС тіркеу есебіне қою және қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын міндетті сақтандыру үшін шартты тіркеу мүмкіндігі енгізілді.
5. Көлік құралдарын сауда павильондары мен тамақтану пункттеріне қайта жабдықтауға рұқсат беру, сондай-ақ олардың қозғалыс бағыттарын бекіту бөлігінде «дөңгелекті бизнес» үшін тосқауыл жойылды.



ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРДЫҢ ЖЕР ТЕЛІМДЕРІН БЕРУДЕГІ АШЫҚТЫҒЫ

Жергілікті атқарушы органдар жер учаскесін алған тұлғалардың тізімдері бар ақпаратты жер учаскесін беру негізін, нысаналы мақсатын, алаңын, орналасқан жерін, құқық түрін, жалға алу мерзімін көрсете отырып, халыққа қолжетімді жерлердегі арнайы ақпараттық стендтерде, сондай-ақ өзінің интернет-ресурсында және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың тиісті уәкілетті органының интернет-ресурсында ай сайын, ал тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында кемінде тоқсанына бір рет жариялау арқылы орналастыруға міндетті (Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-бабы 14-тармағы (21.05.2018 ж. күшіне енді)).

31.12.2019 ж. жағдай бойынша			
	Аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар		
	барлығы	жарияланған	Жарияланбаған
Нұр-Сұлтан	1	1	0
Алматы	1	1	0
Шымкент	1	0	1
Ақмола облысы	19	19	0
Ақтөбе облысы	13	2	11
Алматы облысы	20	10	10
Атырау облысы	8	1	7
Шығыс Қазақстан облысы	19	15	4
Жамбыл облысы	11	2	9
Батыс Қазақстан облысы	13	13	0
Қарағанды облысы	18	18	0
Қостанай облысы	20	19	1
Қызылорда облысы	8	2	6
Маңғыстау облысы	8	6	2
Павлодар облысы	13	11	2
Солтүстік Қазақстан облысы	14	14	0
Түркістан облысы	16	0	16
Барлығы	203	134	69

ЖҮРГІЗІЛГЕН РЕФОРМАЛАРДЫҢ НӘТИЖЕСІ


“DOING BUSINESS” РЕЙТИНГІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ПОЗИЦИЯСЫНЫҢ ЖАҚСАРУЫ

«Doing Business 2017» рейтингінде Дүниежүзілік банк есебінің деректері бойынша Қазақстан 35-ші орынды иеленсе, «Doing Business 2020» рейтингінде Қазақстан 25-орынға көтерілді.

Бұл деректер 2019 жылы 24 қазанда жарияланған әлемнің 190 еліндегі кәсіпкерлік қызметтің қолайлылық деңгейін 10 көрсеткіш бойынша бағалайтын зерттеу нәтижелерінен алынды.

Мемлекет басшысының қолдауының арқасында Қазақстанда бизнес ортаны жетілдіру бойынша жүйелі және ауқымды жұмыстар жалғасып жатыр. Бизнес-омбудсмен институты осы бағытта жүргізіліп жатқан жұмысты толықтыруға және арттыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша әлемдегі **ТОП-30** ел қатарына енді



ПРОБЛЕМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ТІЗІЛІМІ



РҰҚСАТ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ОҒТАЙЛАНДЫРУ



МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ БАҚЫЛАУ-ҚАДАҒАЛАУ ҚЫЗМЕТІН РЕФОРМАЛАУ



САЛЫҚ ЗАҢНАМАСЫН ЖЕТІЛДІРУ



«ӨЗІН-ӨЗІ РЕТТЕУ» ИНСТИТУТЫН ДАМУ



НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРГЕ САРАПТАМА ЖАСАУ



КЕДЕНДІК РЕТТЕУДІ ЖЕТІЛДІРУ



ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ЗАҢНАМАНЫ ІЗГІЛЕНДІРУ

Кәсіпкерлердің проблемалық мәселелерінің тізілімі (бұдан әрі-проблемалар тізілімі) кәсіпкерлік субъектілерінің, өңірлік кәсіпкерлер палаталары мен ҰКП құрылымдық бөлімшелерінің ұсыныстары негізінде қалыптасқан 622 проблемалық мәселені қамтиды.

622 проблемалық мәселенің:

1. 499 – шешілді
2. 123 – қаралып жатыр.

Проблемаларды шешу бойынша жұмыс түрлі бағыттарда жүргізіледі. Проблемалардың бір бөлігі Бас прокуратурамен, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен бірге қол қойылған Жол карталарында бекітілген. Проблемалар Премьер-Министр Кеңсесінің тапсырмасы шеңберінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігімен (бұдан әрі – ҚР ҰЭМ) бірлесіп шешіледі.

Жүргізілген жұмыстың нәтижелері бойынша бизнестің проблемаларын шешуде оң серпін бар.

2018 жылы барлығы 65 проблема шешілді, 2019 жылы - 69 проблема. Проблемалардың жалпы санынан шешілген проблемалардың үлесі 80%-ды құрайды, бұрын 71%-дан аспаған еді.

Мысалы, төмендегідей проблемалық мәселелер шешілді:

ДӨҢГЕЛЕКТІ БИЗНЕС



«Дөңгелекті бизнес» деп аталатын көшпелі, жылжымалы сауда саласында жұмыс істейтін кәсіпкерлікті дамыту ұзақ уақыт бойы өзекті мәселе болып келді.

Қазақстанда кәсіпкерлік қызметтің бұл түрі іс жүзінде жоқ, дегенмен халықаралық тәжірибені зерделеу Еуропа мен АҚШ елдерінде «дөңгелекті бизнес» ондаған жылдар бойы өсіп келе жатқанын көрсетті. Кәсіпкерлер жүк көліктері мен автобустарды жалға алады, оларды қайта жабдықтайды және көшеде күніне жүздеген адамды тамақтандырады. Еуропа мен АҚШ жолдарында мыңдаған фургон-мейрамханалар бар.

Қоғамдық тамақтанудың мобильді нүктелерін кәсіпқойлар ғана емес, өз ісін жаңа бастаған қарапайым кәсіпкерлер де аша алады.

Қазақстан Республикасы заңнамасының бұрын қолданыста болған нормалары мұндай бизнесті ашуға мүмкіндік бермеді, санитарлық нормалар, өрт ережелері және бизнесті ашуға рұқсат алу қажеттілігі еңсерілмейтін кедергі болып келген еді.

Қазіргі уақытта ҚР Ішкі істер министрлігінің желісі бойынша «дөңгелекті бизнеске» арналған кедергі көлік құралдары мен тіркемелерді сауда павильондары мен тамақтану пункттері ретінде қайта жабдықтауға рұқсат беру бөлігінде реттелді. «Дөңгелекті көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының техникалық регламентіне сәйкес енгізілген өзгерістер көлік құралдарын тіркеу туралы куәлікке енгізіледі.

2019 жылғы 2 сәуірде Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес-ортаны дамыту және сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды, онда «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» және «Сауда қызметін реттеу туралы» ҚР Заңдарына жергілікті атқарушы органдардың тек сауда орындарын ғана емес, сонымен қатар бағыттарды да бекіту жөніндегі функционалдығын түсіндіру тұрғысынан өзгерістер енгізу қарастырылған.

Мәселен, ішкі сауда субъектісі көшпелі сауданы республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың ЖАО белгілеген арнайы бөлінген орындарда және (немесе) бағыттарда жүзеге асырады. Бұл ретте ішкі сауда субъектісі оның кез келген нүктесінде бекітілген бағыт бойынша сауданы жүзеге асыра алады.

Шағын және орта бизнес субъектілеріне тиесілі ғимараттарды пайдалану үшін әртүрлі ресурстарды жеткізуді жүзеге асыратын монополист кәсіпкерлердің аванстық төлемдерін жою мәселесі.

Бұл проблемалық мәселе ұзақ уақыт бойы кәсіпкерлік субъектілерінің үлкен тобы үшін өзекті болып келді. Мәселен, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің үлгі шарттарына сәйкес сумен жабдықтау және жылумен жабдықтау үшін төлем нақты тұтынылған көлем бойынша жүзеге асырылады, яғни аванстық төлем жүйесі жоқ. Алайда «МАЭК-Казатомпром» ЖШС мен «Қазгазтрансаймақ» АҚ монополистері аванстық төлемдер туралы пункттері бар жеткізу туралы шарттар жасасты. Мәселе Маңғыстау, Жамбыл, Атырау облыстарының ШОБ субъектілері үшін өзекті болды, себебі олардың монополистерге аванстық төлемдерді уақытында төлеуге мүмкіндіктері болмаған, алайда монополистердің қаржы қызметтері алдын ала төлем 100% мөлшерде төленбеген жағдайда жеткізуді тоқтатамыз деп қорқытумен болды.

«Атамекен» ҰКП мен ҚР ҰЭМ-нің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің бірлескен күшімен біз бұл мәселені шештік. 2019 жылғы 11 шілдеде «Тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 3 қарашадағы № 96 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің № 241 бұйрығы қабылданды, онда тұрмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушыларға (ШОБ) газ жеткізгені үшін аванстық төлемдер мен газ көлемін ысырап еткені және артық жұмсағаны үшін салынатын айыппұл санкциялары алынып тасталды.

Логистика және тасымалдау саласында көптеген мәселелер шешілді:

- ауыр салмақты көлік құралдарының жол жүруіне арнайы рұқсат алу тарифтерін төмендету;
- қауіпті жүкті тасымалдауға арнайы рұқсаттың қолданылу мерзімін 1 жылға дейін ұзарту;
- оське артық жүктеме үшін салынатын айыппұлдардың негізсіздігі мәселесі салмақты 1 тоннаға дейін төмендету арқылы шешілді.

Құрылыс, қала құрылысы және сәулет (54 мәселе), ауыл шаруашылығы (45 мәселе), логистика және тасымалдау (59 мәселе), сатып алулар (48 мәселе), білім беру (45 мәселе) ең проблемалық сала болып қалып отыр.

Кәсіпкерлердің жүйелі проблемаларын шешу жөніндегі жұмыс тұрақты негізде жалғасатын болады, өйткені уақыт өте келе жаңа әкімшілік кедергілер туындайды.


ПРОБЛЕМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ТІЗІЛІМІ АЯСЫНДАҒЫ КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ЖҮЙЕЛІ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

№	Сала	Барлығы	Шешілгені	Қаралуда
1	Агроөнеркәсіп кешені және тамақ өнеркәсібі (АӨКЖТӨ)	45	34	11
2	Өзге де салааралық	57	38	18
3	Мұнай-газ, тау-кен өнеркәсібі және жер қойнауын пайдалану	15	12	3
4	Құрылыс және сәулет	54	49	5
5	Мемлекеттік бағдарламалар	8	6	2
6	Табиғи монополиялар	18	15	3
7	Сатып алулар	48	38	10
8	Жер қатынастары	16	9	7
9	Атқарушылық іс жүргізу	5	1	4
10	Бәсекелестік	3	2	1
11	Логистика және тасымалдау	59	50	9
12	Медициналық және фармацевтикалық қызмет	45	43	2
13	Халықаралық сауда және интеграция	3	1	2
14	Салық салу	32	26	6
15	Өңдеу өнеркәсібі	14	9	6
16	Білім беру	45	39	6
17	Өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік	7	6	1
18	Рұқсат беру рәсімдері	30	25	5
19	Әлеуметтік-еңбек қатынастары	5	2	3
20	Кедендік әкімшілендіру	29	26	3
21	Техникалық реттеу	3	3	0
22	Сауда қызметі	23	21	2
23	Туризм	23	19	4
24	Қылмыстық, әкімшілік және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама	13	10	3
25	Экологиялық реттеу	22	14	7
БАРЛЫҒЫ		622	499	123



ҚР ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

ӘКІМШІЛІК-ДЕЛИКТІК ЗАҢНАМАНЫ ІЗГІЛЕНДІРУ ЖӘНЕ ЖАЗАЛАУ СИПАТЫН ТӨМЕНДЕТУ



Әкімшілік-деликтік заңнаманы ауқымды ізгілендіру «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2017 жылғы 28 желтоқсандағы ҚР Заңымен жүзеге асырылды.

Проблемалар:

- айыппұлдарды анықтау әдісінің жоқтығы
- құқық бұзушылықтың ресми құрылымы.



ҚР ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Дауларды сотқа дейінгі тәртіпте реттеу тетігін қалыптастыру мақсатында 2017 жылдың 1 шілдесінен бастап арнайы алқалы орган – ҚР Қаржы Министрлігі жанындағы Апелляциялық комиссия құрылды.

Апелляциялық комиссия қызметін бастаған уақыттан бері кедендік мәселелерге қатысты жалпы сомасы 5,8 миллиард теңгені құрайтын 117 шағым қаралды, оның ішінде:

- апелляциялық комиссия отырыстарында 49 шағым бойынша тексеру актілері заңсыз деп танылды. Бизнес пайдасына қайтарылған ақша қаражатының жалпы сомасы 3,3 миллиард теңгеден асты.
- кеден органдарының өздері 1 миллиард теңгеден астам соманы құрайтын 25 актіні апелляциялық комиссияда қаралғанға дейін олардың заңсыздығы мен одан әрі дәрменсіздігі себебінен қайтарып алды.

Тұтастай алғанда, кеден органдарының шағымдар берілген тексерулер актілерінің 63%-дан астамындағы қорытындылары (117-нің 74-і) кеден заңнамасына сәйкес келмейді.

Шағымдардың басты себебі - кедендік құнды және ЕЭО сыртқы экономикалық қызметінің тауарлық номенклатурасының кодтары бойынша тауарлардың жіктелуін анықтау.

САЛЫҚ ЖӘНЕ КЕДЕН ЗАҢНАМАСЫН ЖЕТІЛДІРУ

САЛЫҚ ЗАҢНАМАСЫ

Кодексті әзірлеу кезінде Ұлттық палата 1150 ұсыныс енгізді, оның 83%-ы қолдау тапты:

- ҚҚС бойынша АЕК мөлшерін кезең-кезеңмен төмендетусіз қолданыстағы шек сақталды;
- қолданыстағы арнайы салық режимдері сақталды;
- әлеуметтік салық ставкасы 11-ден 9,5%-ға төмендетілді;
- салық төлеушінің адалдық қағидаты енгізілді;
- егер салық төлеуші салық органының түсіндірмесіне сәйкес әрекет етсе және кейіннен соның салдарынан салық төлеушінің позициясы өзгерсе, айыппұл мен өсімпұл салынбайтын болды;
- талап қою мерзімі 2020 жылдан бастап ШОБ үшін 5 жылдан 3 жылға дейін, қалғандары үшін 5 жылға дейін қысқартылды.

КЕДЕН ЗАҢНАМАСЫ

Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 2 сәуірдегі № 241-VI ҚРЗ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес-ортаны дамыту және сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңымен «Атамекен» ҚР ҰКП-ның кедендік реттеу саласындағы мынадай бастамалары қолдау тапты:

- бұзушылықтарды өз бетінше анықтау және ерікті түрде жою мүмкіндігі енгізілді - ҚР СК-не ұқсас талап қоюдың ескіру мерзімі ішінде;
- тауарлардың жекелеген санаттары үшін ғана толық декларацияны беру мерзімдерін ұзартуды көздейтін норма алынып тасталды;
- бондтық қоймаларды дамыту бойынша нормалар енгізілді;
- Дүниежүзілік пошта одағының (ДПО) құжаттарын тауарларға арналған декларация ретінде мойындау арқылы кедендік рәсімділіктер жеңілдетілді;
- тексерудің басталғаны туралы және сол мәселелер бойынша және сол кедендік декларациялар бойынша тексерудің алдын алу туралы кедендік органның СЭҚБ-на хабарлауы туралы ережелер енгізілді.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

РЕСЕЙДІҢ БИЗНЕС-ОМБУДСМЕНІМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС



Қазақстан
бизнес-омбудсмені
ПАЛЫМБЕТОВ Б.Ә.



Ресей
бизнес-омбудсмені
ТИТОВ Б.Ю.

Еуразиялық экономикалық одақ аясында өткен Қазақстан мен Ресей Бизнес-омбудсмендерінің форумы (Астана қ., 02.09.2017 ж.)

Форумға Ресейдің 40 өңірінен келген бизнес-омбудсмендер, РФ бизнес-омбудсменінің орталық аппаратының және РФ Бас прокуратурасының өкілдері қатысты.

Өзара көмек және ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды (тәжірибе алмасу, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға жәрдемдесу, консультациялық-құқықтық көмек және т.б.).

Ынтымақтастықтың негізгі бағыттары:

- Ресейдің уәкілетті органдарының қазақстандық кәсіпкерлерге мүлікті (тауарларды, ақша қаражатын және т.б.) қайтаруы;
- Қазақстан және Ресей бизнесін қорғау мәселелері бойынша ақпарат алмасу;
- РФ аумағындағы қазақстандық кәсіпкерлерге қатысты заңға қарсы әрекет жасаған тұлғаларды жауапкершілікке тарту.

Келісім аясында ҚР мен РФ кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау саласында бірлескен жұмыстар жүргізіліп жатыр.

2017 жылғы 20 қарашада Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қостанай облыстарындағы Қазақстанның бизнес-омбудсмен аппаратының сектор меңгерушілері Орынбор облысының бизнес-омбудсменінің шақыруымен «Орынбор - Еуразияның жүрегі» VII Халықаралық форумына қатысты.

Форумды Орынбор облысының Үкіметі 2010 жылдан бастап өткізіп келеді, ол өз кезегінде тәжірибе алмасу, шешімдер іздеу және халықаралық ынтымақтастық, болашақ технологиялар, экономика және қоғам мәселелерінде күш-жігерді шоғырландыру барысында Ресейдегі ең ірі пікірталас алаңдарының біріне айналды. Форумның мақсаты - жекелеген елдердің ұлттық бастамаларының ымырасы негізінде Еуразиялық кеңістік шеңберінде интеграция үшін қосымша мүмкіндіктер жасау, түрлі елдердің мемлекеттік, қоғамдық және бизнес-субъектілері арасындағы экономикалық байланыстардың өсуін қамтамасыз ету.

Форумның жұмысына Ресей өңірлерінің бизнес-омбудсмендері, Орынбор облысының прокуратурасы мен мемлекеттік органдарының өкілдері, Ресей мен Қазақстаннан келген кәсіпкерлер қатысты.

Бизнес-омбудсменнің Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қостанай облыстарындағы өкілдері Орынбор облысындағы кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілмен өзара іс-қимыл туралы Меморандумға қол қойды.



«КӘСІПКЕР ЖӘНЕ ТҰТЫНУШЫ – АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ» XIV ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ
(06.12.2018 Ж., МӘСКЕУ Қ.)

Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының Алматы қаласы бойынша сектор меңгерушісі А. А. Қошмамбетов «Кәсіпкер және тұтынушы – алғашқы қадам» XIV Халықаралық конференциясына қатысты (06.12.2018 ж., Мәскеу қ.).

Конференция «Азия-Тынық мұхиттық экономикалық ынтымақтастық» форумының «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау және білім беру бастамасы» бағдарламасы аясында Тікелей сату қауымдастықтарының дүниежүзілік федерациясының (WFDSA) қолдауымен өтті.



Конференцияға Ресей Федерациясының заң шығарушы және атқарушы билік органдарының өкілдері, Ресей Федерациясының әртүрлі өңірлеріндегі және ЕЭО мүше елдеріндегі тұтынушылардың құқығын қорғау және адамның әл-ауқатын қадағалау жөніндегі федералды қызметтің өкілдері, сонымен қатар өзін-өзі реттеу бағдарламаларын іске асыратын бизнес-қауымдастықтардың өкілдері қатысты.

«ОРЫНБОР - ЕУРАЗИЯНЫҢ ЖҮРЕГІ» VIII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМ

2018 жылғы 6 желтоқсанда Орын-бор қаласында «Орынбор – Еуразияның жүрегі» VIII халықаралық форумы аясында Ақтөбе облысы бойынша бизнес-омбудсмен аппаратының сектор меңгерушісі Р. Б. Күйшінов Орынбор облысының бизнес-омбудсменімен Өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Халықаралық сауда альянсын құру туралы жобаны жүзеге асыру аясында «Adal proff» ЖШС мен «Опора России» Жалпы ресейлік қоғамдық шағын және орта кәсіпкерлік ұйымының Орынбор аймақтық бөлімшесі мен Ақтөбе облысының Кәсіпкерлер палатасы арасында ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды. Жобаның мақсаты сауда қатынастарын кеңейту, шекара маңындағы өңірлердің экспорты мен импортының көлемін ұлғайту болып табылады.




ОРЫНБОР ОБЛЫСЫНЫҢ БИЗНЕС-ОМБУДСМЕНІМЕН ЖӘНЕ «ОРЫНБОР ОБЛЫСЫНЫҢ САУДА-ӨНЕРКӘСІПТІК ПАЛАТАСЫ» ОДАҒЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСУ

06.06.2019 ж. Орал қаласында БҚО кәсіпкерлер палатасының өкілдері және БҚО бойынша бизнес-омбудсмен аппаратының сектор меңгерушісі Орынбор облысының бизнес-омбудсменімен және «Орынбор облысының Сауда өнеркәсіптік палатасы» одағының өкілдерімен кездесті.

БҚО бойынша бизнес-омбудсмені аппаратының сектор меңгерушісі мен Орынбор облысының бизнес-омбудсмені арасында өзара іс-қимыл және ынтымақтастық туралы Меморандумға (Жол картасына) қол қойылды.

Батыс Қазақстан облысының Кәсіпкерлер палатасы «Орынбор облысының сауда-өнеркәсіптік палатасы» Одағымен ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды.



«ШЕКАРА МАҢЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНАН ЕУРАЗИЯЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯҒА» КВЕСТ-СЕССИЯСЫ

Батыс Қазақстан облысы Кәсіпкерлер палатасының құқықтық блогы өкілдерінің Орынбор облысы кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл В. А. Коршуновтың (Орынбор облысы Первомай ауданы Первомайский кенті, 28.06.2019 ж.) ұйымдастырған «Шекара маңы ынтымақтастығынан еуразиялық интеграцияға» квест-сессиясына қатысуы.

Іс-шара шекара маңындағы аумақта қызметті жүзеге асыру кезінде туындайтын әкімшілік шектеулер мен кедергілерді анықтау, кәсіпкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыру, бизнесті құқықтық қамтамасыз ету мен ақпараттық сүйемелдеуде көмек көрсету мақсатында өткізілді.

Квест-сессияның ұйымдастырушылары мемлекеттік органдардың басшы қызметкерлерін, соның ішінде ІІМ, жол қадағалау, Россельхознадзор, кеден, экономикалық даму, өнеркәсіп саясаты және сауда, ветеринария және ауыл шаруашылығы, прокуратура өкілдерін және Орынбор облысының кәсіпкерлерін шақырды.

Екі тараптың бизнесмендері Ресей Федерациясы мемлекеттік органдарының өкілдеріне сұрақтар қойды. Батыс Қазақстан кәсіпкерлері арасында «Желаевский КХП», «Стекло-сервис», «Батыспродукт» және басқалар болды.



«РЕСЕЙ-ҚАЗАҚСТАН ШЕКАРАСЫНДАҒЫ КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕПІЛДІКТЕРІН НЫҒАЙТУ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САРАПТАМАЛЫҚ АЛАҢЫ

2019 ж. 26 шілдеде Орынбор қаласында «Ресей-Қазақстан шекарасындағы кәсіпкерліктің құқықтық кепілдіктерін нығайту» атты халықаралық сараптамалық алаң өтті. Оның ұйымдастырушылары «Еуразия халықтарының достастығы» Автономды коммерциялық емес ұйым және Орынбор облысындағы Кәсіпкерлер құқығын қорғау жөніндегі уәкіл болды.

Іс-шараға Ақтөбе облысындағы Қазақстан бизнес-омбудсмен аппаратының сектор меңгерушісі және Қызылорда облысы Кәсіпкерлер Палатасының Байқоңыр қаласындағы филиалының директоры, Ресей өңірлерінің бизнес-омбудсмендері, кәсіпкерлер бірлестіктерінің басшылары, Ресей мен Қазақстанның



әртүрлі өңірлерінен келген сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың өкілдері, федералдық және аймақтық билік органдарының, ғылыми-сараптамалық қоғамдастықтың өкілдері қатысты.

Қатысушылар екіжақты сауда-экономикалық қарым-қатынастардағы проблемалық мәселелерді талқылады, оның ішінде «Жайсан» және «Сагарчин» мемлекеттік шекараларынан өту, Ресей бекеттерінде тексеруден өту кезіндегі қосымша шығындар тәрізді мәселелер талқыланды. Халықаралық кездесудің нәтижесі бизнес пен биліктің өзара іс-қимыл тәжірибесін жетілдіру, екі елдің сауда-экономикалық қатынастарындағы проблемалар мен әкімшілік кедергілерді жою және оларды уәкілетті органдарға енгізу бойынша нақты ұсыныстар әзірлеу болды.

Қызылорда облысы Кәсіпкерлер палатасының Байқоңыр қаласындағы филиалының директоры мен Орынбор облысындағы бизнес-омбудсмен арасында өзара іс-қимыл туралы Меморандумға қол қойылды. Негізгі бағыттары: бизнесті қорғау мәселелері бойынша ақпарат алмасу, кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын бұзудың алдын алуға ықпал ететін шараларды әзірлеу және іске асыру.

ОРЫНБОР ОБЛЫСЫНЫҢ БИЗНЕС-ОМБУДСМЕНІМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

2019 жылғы 17 қыркүйекте Орынбор облысының бизнес-омбудсмені Қазақстанның бизнес-омбудсмен аппараты секторы меңгерушісінің шақыруымен Ақтөбе облысының Кәсіпкерлер палатасы (Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы, Мәртөк кенті) Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңестің көшпелі отырысына қатысты.

Кеңес аясында шекаралық бизнес-ынтымақтастық мәселелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Жайсан» және Ресей Федерациясының «Сагарчин» өткізу бекеттерінде мемлекеттік шекаралардан өту мәселелері талқыланды. Нәтижесінде проблемалық мәселелерді шешу бойынша ұсыныстар әзірленді.



ТАТАРСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САУДА-ӨНЕРКӘСІПТІК ПАЛАТАСЫМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

2019 жылғы 26 қыркүйекте Ақтөбе облысының Кәсіпкерлер палатасы өңір әкімі бастаған Ақтөбе облысының делегациясы Татарстанға барған сапары аясында Татарстан Республикасының Сауда-өнеркәсіптік палатасымен ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.



ШЫҰ ЖӘНЕ БРИКС (УФА Қ., БАШҚҰРТСТАН) ҚАТЫСУШЫ-ЕЛДЕРІНІҢ ӨҢІРЛЕРДЕГІ БИЗНЕСІНІҢ V МЕРЕЙТОЙЛЫҚ ФОРУМЫ

2019 жылы 26-27 қыркүйекте Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппараты басшысының орынбасары О. В. Савеленко Башқұртстан Республикасы басшысының уақытша міндетін атқарушы Р. В. Хабировтың (Уфа қ., Башқұртстан) шақыруымен ШЫҰ және БРИКС елдерінің шағын және орта бизнесінің V мерейтойлық форумына қатысты.

Форумға мемлекеттік билік органдарының 2500-ге жуық өкілдері, бизнес өкілдері, әлемнің 30 елінен сарапшылар мен қоғам қайраткерлері, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың (ЮНИДО, ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ және т.б.) өкілдері қатысты.

Қазақстанның бизнес-омбудсмен аппараты басшысының орынбасары «ШЫҰ және БРИКС кеңістігінде бизнесті қорғау бойынша өзара іс-қимыл» сессиясында «Қазақстандағы кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау» тақырыбында баяндама жасады.

Форумда ШЫҰ және БРИКС қатысушы мемлекеттердегі шағын бизнесті қолдау, агроөнеркәсіптік саланың жоғары технологиялық өндірісін дамыту, кәсіпкерлікті қолдау бойынша туризм мен инфрақұрылымды дамыту, инвестиция тарту үшін тартымды жағдай жасау, әлеуметтік бизнес және әйелдер кәсіпкерлігінің рөлі туралы мәселелер қозғалды.



2019 жылы 21-22 қарашада Қазақстанның бизнес-омбудсмен аппаратының Ақтөбе облысындағы секторының меңгерушісі «Орынбор-Еуразияның жүрегі» халықаралық форумына қатысты.

Форумға шет мемлекеттердің ресми тұлғалары, билік органдарының өкілдері, сарапшылар, экономика, стратегиялық даму және инновация саласындағы мамандар, қоғамдық институттар мен бизнестің өкілдері қатысты.

Ресей Федерациясындағы Орынбор облысы мен Қазақстан Республикасындағы Ақтөбе облысының ынтымақтастық келешегі мен одан әрі өзара қарым-қатынас перспективалары, көліктік және логистикалық инфрақұрылымды дамыту, азық-түлік саясаты және т. б. мәселелер талқыланды.



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ



Қазақстан
бизнес-омбудсмені
ПАЛЫМБЕТОВ Б.Ә.



Өзбекстан
бизнес-омбудсмені
КАСИМОВ Д.С.

«ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ – ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ» ФОРУМЫ (Астана қ., 20.06.2018 ж.)

Форумға Өзбекстан бизнес-омбудсменінің орталық аппаратының өкілдері қатысты.

Ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды (тәжірибе алмасу, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға жәрдемдесу, консультациялық-құқықтық көмек және т.б.).

Ынтымақтастықтың негізгі бағыттары:

- кәсіпкерлік субъектілерінің бұзушылықтарының алдын алуға ықпал ететін шараларды әзірлеу және іске асыру;
- Қазақстан мен Өзбекстан бизнесін қорғау мәселелері бойынша ақпарат алмасу;
- Өзбекстан Республикасындағы қазақстандық кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру.

«БИЗНЕСТЕГІ АДАЛДЫҚ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАР, ӨҢІРЛІК СЫН-ТЕГЕУРІНДЕР МЕН ДАМУ КЕЛЕШЕГІ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ (ТАШКЕНТ Қ., ӨЗБЕКСТАН РЕСУБЛИКАСЫ, 16-17 ЖЕЛТОҚСАН 2019 ЖЫЛ)

Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Б. Ә. Палымбетов «Бизнестегі адалдық, халықаралық стандарттар, өңірлік сын-тегеуріндер мен даму келешегі» атты халықаралық конференцияға қатысты (Ташкент қ., Өзбекстан Республикасы, 16-17 желтоқсан 2019 жыл).

Іс-шараны Өзбекстан Сауда-өнеркәсіптік палатасы Өзбекстандағы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымның үйлестірушісімен және Шығыс Еуропа мен Орталық Азия бойынша Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының сыбайлас жемқорлыққа қарсы желісінің менеджерімен бірлесіп ұйымдастырды.

Конференцияға Өзбекстан Республикасы Үкіметінің өкілдері, шет мемлекеттердің ресми тұлғалары, Грузия, Өзбекстан, Украина, Латвияның бизнес-омбудсмендері, халықаралық сарапшылар және т. б. қатысты.

Конференцияда келесі тақырыптар талқыланды:

- мемлекеттік саясатқа іскерлік адалдық шараларын енгізу, корпоративтік басқару және адалдық, Директорлар кеңесінің рөлі;
- корпоративтік басқару және адалдық, ақпаратты сақтау, ашу және ашықтық;
- корпоративтік басқару және келісім, аудит;
- мемлекеттік кәсіпорындарда бизнес жүргізудің адалдығы;
- ұжымдық іс-әрекеттерге ықпал ететін есептілік арналары.



КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЗАҢДЫ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ



Қазақстан
бизнес-омбудсмені
ПАЛЫМБЕТОВ Б.Ә.



Грузия
бизнес-омбудсмені
ЛИКВИНАДЗЕ И.

**БӘСЕКЕЛЕСТІК САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ БОЙЫНША ІІІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯ: РЕТТЕЛЕТІН СЕКТОРЛАРДАҒЫ БӘСЕКЕЛЕСТІК ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ
САЯСАТ САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОЛДАНУ
(ТБИЛИСИ Қ., ГРУЗИЯ, 11-12 ҚАЗАН 2019 Ж.)**

Іс-шараға Грузияның Премьер-Министрі, Грузияның Экономика және тұрақты даму министрі, Грузияның сыртқы істер министрінің орынбасары, Швеция Елшілігі мен Дүниежүзілік банктің өкілдері, Грузиядағы Еуропалық Одақтың Елшісі, БҰҰ-ның Грузиядағы тұрақты үйлестірушісі, Албаниядағы кәсіпкерлікті қорғау министрі, сондай-ақ Грузия мен шет елдердің өзге де мемлекеттік органдарының өкілдері қатысты.

Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Б.Ә.Палымбетов «Бизнестің мүдделерін қорғаудың тиімді тетіктері – халықаралық тәжірибе алмасу» сессиясында «Қазақстандағы кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау» тақырыбында баяндама жасады.

Ынтымақтастықтың негізгі бағыттары:

- кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқықтарын бұзудың алдын алуға ықпал ететін шараларды әзірлеу және іске асыру;
- кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқықтарын қорғау мәселелері бойынша тәжірибе және ақпарат алмасу;
- кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, қалпына келтіруге бағытталған мәселелерді шешуге жәрдем көрсету.

2019 жылы 11 желтоқсанда Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппараты басшысының орынбасары О. В. Савеленко Еуропа Кеңесі Экономикалық қылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасының (Страсбург қ., Франция) шақыруы бойынша «Еуропа және Орта Азиядағы кәсіпкерлердің құқықтарын ілгерілету мен қорғаудағы озық тәжірибе» дөңгелек үстеліне қатысты.

Дөңгелек үстелдің мақсаты кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау саласындағы мамандандырылған мекемелер мен уәкілдердің (омбудсмендердің) озық тәжірибелері мен және дағдыларымен алмасу болып табылады.





Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Болат Палымбетов Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) сарапшыларымен кездесу өткізді, 2018 жылғы 24 сәуір, 8 қазан.

Кездесу барысында тараптар Қазақстанда жұмыс істейтін кәсіпорындар кездесетін неғұрлым кең таралған (заңды) проблемаларды талқылады. Мысалы, дауларды шешу тетіктерімен байланысты сот төрелігі жүйесінің тиімділігі мәселесі.

2018 жылғы 16-27 сәуір аралығында «Функционалдық шолуды қолдау» жобасы аясында Қазақстандағы ЭЫДҰ төртінші сессиясы өтті. Бұл жоба «Ұлт Жоспары – 100 нақты қадамды» тиімді іске асыруға және ЭЫДҰ-ның алдыңғы шолуларының ұсынымдарын орындау барысында ҚР Үкіметіне одан әрі қолдау көрсетуге бағытталған.

Жобаның бесінші компоненті Қазақстандағы коммерциялық және инвестициялық даулар тетіктерін бағалауға және бизнес үшін қолайлы орта тудыруды қамтамасыз ететін құқықтық базаны әзірлеуге қатысты ұсынымдар беруге бағытталған.

ЭЫДҰ сарапшылары алынған нәтижелер бойынша ҚР әкімшілік іс жүргізу кодексінің жобасы бойынша үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес келтіруге бағытталған ұсынымдар әзірледі.

ТАБЫС ТАРИХЫ

ТАБЫС ТАРИХЫ/ӨҢІРЛЕР (МЫСАЛДАР)

Нұр-Сұлтан

1. «Bastion.kz» ЖШС-не DODGE, CHRYSLER, JEEP автоорталығын салу үшін жер пайдалану құқығын ұзартуға көмек көрсетілді.
2. Нұр-Сұлтан қаласындағы Алматы аудандық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының «Happy Cake Eurasia» ЖШС-не қатысты тексеру нәтижелерінің күші жойылды.
3. «Toyota Tsusho Kazakhstan Auto» ЖШС-не (Тойота Тсушо Қазақстан Авто) «Хан Шатыр» СОО аумағындағы меншікті жер учаскесінде автоорталықты жобалауға рұқсат алуға көмек көрсетілді.

Алматы

1. Алматы қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2019 жылғы 24 шілдедегі қаулысымен Алматы қаласы Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының «Жібек Жолы» Халықаралық сауда орталығы» ЖШС-не қатысты Алматы облысы мемлекеттік органдарының қабылдау комиссиясының салынған объектіні қабылдау туралы 2005 жылғы актілерін заңсыз деп тану туралы талабын қанағаттандырудан бас тартылды.

Шымкент

1. «Современные строительные изделия» ЖШС-не Тұран ықшам ауданында мемлекеттік сатып алулар шеңберінде салынған 9 қабатты 8 тұрғын үйді тапсыру бойынша көмек көрсетілді. Шымкент қаласының құрылыс басқармасы салынған нысандарды тапсыру кезінде кәсіпкерге жасанды кедергілер туындатты. Бұл іске Палата араласқаннан кейін жұмыстарды қабылдау актілеріне қол қойылып, 152 695 852 теңге сомасындағы қаржы төленді.

Ақмола облысы

2. «Инсект» ЖШС-не Ақмола облысы ТЖД Өрт сөндіру және апаттан құтқару жұмыстары қызметі Көкшетау қаласындағы өрт сөндіру депосын пайдалануға беру туралы мемлекеттік актісіне қол қоюы барысында көмек көрсетілді.
2. «Ильичевка Строй» ЖШС-не мүлікке заңсыз салынған ауыртпалықтарды алып тастауға көмек көрсетілді.

Алматы облысы

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2019 жылғы 5 қарашадағы қаулысымен «№13 жол-құрылыс басқармасы» АҚ-ның Алматы әкіміне қатысты кәсіпкердің төтенше жағдайдың салдарын жоюға жұмсаған 32 621 205 теңгені өтеу туралы талап арызы қанағаттандырылды.
2. Балқаш-Алакөл бассейндік инспекциясымен (БАБИ) «Khorgos Sand Dune» ЖШС Панфилов ауданындағы «Пиджим 2» кен орнында карьерді орналастыру жобасы келісілді.

Атырау облысы

1. ҚР Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі кассациялық алқасының қаулысымен ҚР ӘҚБтК 251-бабының 1) тармақшасы бойынша Атырау қаласының мамандандырылған әкімшілік сотының «Восток» ЖШС-не қатысты қаулысы жойылды. Материал ҚР Ұлттық Банкінің Атырау филиалымен жасалған. Қорғалған мүліктің сомасы 3.9 млн теңгені құрайды.

Шығыс Қазақстан облысы

1. «Колор» және «Зырян-Сапа» ЖШС-не Зырян ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің мемлекеттік сатып алулар туралы келісім-шарт бойынша жалпы сомасы 100 млн. теңгеден астам қарызын төлеуі үшін көмек көрсетілді.

Жамбыл облысы

2. Меркі аудандық сотының 2017 жылғы 28 шілдедегі қаулысымен «Оңтүстік Ойл «отын компаниясы» ЖШС-не қатысты ҚР ӘҚБтК 281-бабының 1-бөлігі бойынша (мұнай өнімдеріне ілеспе жүкқұжаттарды уақтылы растамағаны үшін) құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты іс жүргізу тоқтатылды. Материал Меркі ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасымен жасалған.
2. «Саяхат» ЖК-нің өтініші бойынша Мойынқұм аудандық білім беру бөлімі өткізген 15 конкурстың нәтижелері жойылды. Тауарлар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алулар кезінде жасалған әкімшілік кедергілер жойылды (ЖАО интернет ресурсы жандандырылмаған).

Батыс Қазақстан облысы

1. 2018 жылғы 10 шілдедегі Батыс Қазақстан облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімімен ҚР ІІМ Төтенше жағдайлар комитеті «БатысСервисПлюс» ЖШС-не өрттің алдын алу және сөндіру, ұйымдарда, елді мекендерде және жолға шығатын техникасы бар объектілерде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу жөніндегі жұмыстарды жүргізу құқығы аттестатынан, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі саласындағы аудит бойынша жұмыстарды жүргізу құқығы аттестатынан айыру туралы талапты қанағаттандырудан бас тартылды.
3. Орал қаласының мамандандырылған әкімшілік сотының 2018 жылғы 29 желтоқсандағы қаулысымен «BKKS LPG» ЖШС-не қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу Әкімшілік құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты тоқтатылды. Материал Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Батыс қазақстан облысы бойынша департаментімен қозғалған болатын.
3. Батыс Қазақстан облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2018 жылғы 20 желтоқсандағы шешімімен Бөрлі ауылдық округі әкімі аппаратынан 40 525 148 теңге көлемінде қарыз сомасын өндіріп алу туралы «Надежда» шаруа қожалығының талап арызы толық көлемде қанағаттандырылды.

Қарағанды облысы

1. 2019 жылы Қарағанды облысының прокуратурасымен және жергілікті полиция қызметімен бірлесіп жүргізілген талдау нәтижелері бойынша әкімшілік іс қозғау кезінде заңдылықтың сақталуы тұрғысынан Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 133 және 200-баптарына сәйкес 9 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды.
2. 2019 жылы наурыз айында «ORDA Minerals» ЖШС-не тұрғын үй құрылысына рұқсат беру құжаттарын алуға көмек көрсетілді. ЖШС Палатаға жүгінгенге дейін оған құжаттың егжей-тегжейлі жоспарлау жоспарына сәйкес келмегендігіне байланысты рұқсат беруден бас тартқан.
3. Қарағанды облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2019 жылғы 21 тамыздағы шешімімен “Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы” ММ-нің “Евротехнострой” ЖШС-не қатысты жалпы ауданы 1,3516 га жер учаскесін алып қою туралы талап-арызын қанағаттандырудан бас тартылды.

Қостанай облысы

2. Қостанай облысы прокуратурасының нұсқауы бойынша 2019 жылы 24 тамызда қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты «Макс» ЖШС лауазымды тұлғаларына қатысты ҚР ҚК 245-бабының 3-бөлігі бойынша қозғалған қылмыстық іс тоқтатылды. Іс ҚР Қаржы министрлігінің Қаржылық мониторинг комитетінің Қостанай облысының экономикалық тергеу департаменті тарапынан қозғалған болатын.
2. Қостанай облыстық сотының 2018 жылғы 9 сәуірдегі ұйғарымымен «БК-Строй» ЖШС-мен жасалған 12 жер учаскесін жалдау шартын жарамсыз деп тану туралы іс тоқтатылды.

Қызылорда облысы

1. «Арал құрылысы» ЖШС-нің жұмысын тоқтатқан заңсыз орнатылған тыйым салу туралы жол белгісіне демонтаж жасалды.

Маңғыстау облысы

1. «Вест Мангистау» ЖШС-не Жаңаөзен қ., Рахат ауылдық әкімдігі орындалған жұмыстар актісіне қол қоюы және көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеуіне қатысты көмек көрсетілді. Кәсіпкерге көрсетілген қызметтер үшін 46 млн. теңге төленді.

Павлодар облысы

2. Павлодар облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2019 жылғы 12 наурыздағы қаулысымен Павлодар қаласының Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Қазақ соқырлар қоғамының Павлодар оқу-өндірістік кәсіпорны» ЖШС-не соңғысын мемлекеттік сатып алулардың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы бойынша 2018 жылғы 14 желтоқсандағы Павлодар облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімі жойылды.
2. «Тепличный комплекс Аксу» ЖШС-не жабдықтарды кедендік тазартуға көмек көрсетілді. ЖШС Ақсу қаласында жалпы ауданы 18 252 ш. м. жылыжай кешенінің құрылысы бойынша инвестициялық жобаны іске асырды.

Солтүстік қазақстан облысы

2. Солтүстік Қазақстан облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2017 жылғы 22 тамыздағы шешімімен «Жақсы тұз Петропавл» ЖШС Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің индустриялық-инновациялық даму басқармасына 2017 жылғы 17 сәуірдегі №24 «ЖШС-мен жер қойнауын пайдалану келісім-шартын тоқтату туралы» бұйрықты заңсыз деп тану туралы өтініші қанағаттандырылды.
2. «Электр энергетикасын және энергиямен жабдықтауды дамыту институты» АҚ (Қазақэнергиясараптама)» «МЭТ субъектілерінің тізімін қалыптастыру туралы» 2018 жылғы 05 қарашадағы бұйрығына өзгерістер енгізді. Қазіргі уақытта тізімге негізсіз енгізілген 103 бизнес субъектілері әртүрлі есептілік түрлерін тапсырудан, энергия аудитін жүргізуден босатылды, сондай-ақ әкімшілік жауапкершілікке тарту қаупі жойылды.

Түркістан облысы

2. Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының 2018 жылғы 05 қыркүйектегі қаулысымен «Түркістан-нан» ЖШС-нің жалпы сомасы 90 640 181 теңге салықтар мен төлемдерді, 57 982 673 теңге өсімпұлды (барлығы 148 622 854 теңге) қосымша есептеу туралы хабарламаның күшін жою туралы талап арызы толық көлемде қанағаттандырылды.
2. «Қызыл ту» ЖК В. Мамедовқа қатысты ҚР ҚК-нің 389-бабы (Өзін-өзі басқару) бойынша қылмыстық іс тоқтатылды. 3 күн ішінде кәсіпкерге 125 800 АҚШ доллары және 50 млн. теңге көлемінде қаражат пен алынған бухгалтерлік құжаттар қайтарылды.

Қазақстан мен Ресейдің бизнес-омбудсмендерінің қол жеткізген уағдаластықтары шеңберінде Солтүстік Қазақстандық ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің өз тауарларын Ресей шекарасы арқылы тасымалдау кезінде орын алған мәселесі шешілді (Исилькуль қ. ветеринариялық постында ветеринариялық сертификаттарды алу рәсімінің ұзақтығы).

Рязань облысы мен Қазақстанның бизнес-омбудсмендерінің арқасында «КАМЕТЕХ» ЖШС Рязань облысы аумағы бойынша автотасығыштар мен тракторларға жол жүруге арнайы рұқсат алды.

Марий Эл Республикасының және Псков облысының бизнес-омбудсмендерінің бірлескен күш-жігерінің арқасында спорттық тауарларды сатуға маманданған «Бурыкина Ю. С» ЖК-нің құқықтары қорғалды.

Қазақстан мен Воронеж облысының бизнес-омбудсмендерінің арқасында «Саламат-Агро» ЖШС қазақстандық сатып алушы Воронеж қаласының «СБ Агро» ЖШҚ Ресей компаниясымен 1 млн 400 мың рубль немесе 7,8 млн теңге сомаға жабдықтарды жедел қосымша жеткізу туралы келісім жасасуға қол жеткізді.

РФ бизнес-омбудсменінің ҚР-да РФ-нан темір жол көлігімен тасымалдау кезінде жүктің ұрлануына ықпал етуінің арқасында Ресей ІІМ Приволжский Линиялық басқармасының тергеу басқармасы «Глобалинк» Транспортэйшн энд Лоджистикс Ворлдвайд «ЖШС-нің өтініші бойынша РФ ҚК 158 бабының 3 тармағы «В» тармақшасы бойынша қылмыстық іс қозғалды (ірі мөлшерде жасалған ұрлық).

Мәскеу облысының бизнес-омбудсменінің жәрдемдесуінің арқасында «Derfolg» ЖШС тауарымен көлік саласындағы қадағалау жөніндегі Федералдық қызметтің Мәскеу облысы бойынша Мемлекеттік автожол қадағалау басқармасымен ұсталған және «Халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыруды мемлекеттік бақылау және оларды орындау тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілік туралы» Федералды Заңының нормаларын бұзғаны үшін Мәскеу облысындағы мамандандырылған тұраққа орналастырылған көлік құралы шығарылды. Тауар жүк алушыға мерзімінде жеткізілді.

Орынбор облысындағы бизнес-омбудсменнің жәрдемдесуінің арқасында «Парижская коммуна» ЖШС (ет өнімдерін өндіруші) өніміне қатысты экспорт бойынша шектеулерге байланысты мәселе шешілді.

Өзбекстан бизнес-омбудсменінің жәрдемдесуінің арқасында 14.09.2018 ж. «Telecom Technologiya» ЖШҚ «PENOPLEX (ПЕНОПЛЭКС) ҚР» ЖШС-не 58 000 АҚШ долларынан астам берешек сомасын толық көлемде төледі.

Ресей Федерациясының Бас прокуратурасы Президенттің Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілі Б.Титовқа хат жолдауына байланысты «Access World Transport» ЖШС-не тиесілі жүктерді алдау арқылы ұрлауға қатысты қылмыстық істі тергеуді бақылауға алды.

AKFA DREAM WORLD ЖШҚ (Өзбекстан) өтініші бойынша 18.08.2018ж GTN ЖШС-мен (Германия, Технодом Германия) кеуек бетоннан жасалған құрылыс блоктарын жеткізу келісімшарты бойынша міндеттемелерді орындау туралы келіссөздер жүргізілді. Нәтижесінде кәсіпкер ЖШҚ-ның талабына жеткізуді белгілі бір мерзім ішінде қалпына келтіру туралы жауап жолдады.

Үндістанның Қазақстандағы Елшілігінің өтініші бойынша (Conceptia Software Technologies Pvt. Ltd. («CASPIAN OFFSHORE AND MARINE CONSTRUCTION» ЖШС) Маңғыстау облысы бойынша Бизнес-омбудсмен аппараты секторының меңгерушісі дауды реттеу мақсатында қазақстандық компанияның бас директорымен («CASPIAN OFFSHORE AND MARINE CONSTRUCTION» ЖШС) жұмыс кездесуін өткізді, сондай-ақ екі тараптың қатысуымен кездесу ұйымдастыруға дайын екендігін білдірді.

Тәжік компаниясының («Кабир-77» ЖШҚ) өтініші бойынша уәкілетті органға сот актісін орындауға кәсіпкердің пайдасына бағытталған шараларды жеке сот орындаушысының толық және уақтылы қабылдағандығына тексеру жүргізу мақсатында ұсынымдар жолданды. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Жеке сот орындаушыларының республикалық палатасы атқарушылық іс жүргізу материалдарын тексеру қорытындысы бойынша Жеке сот орындаушы тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

«Новгородский бекон» ЖШҚ-ның өтініші бойынша Ақмола облысының прокуратурасы қылмыстық істің материалдарын зерделеп, тергеу органына нақты тергеу жұмыстарын жүргізуге нұсқау берді, сондай-ақ тергеу барысын бақылауға алды.

Литва компаниясының («Агроформа» ЖАҚ) сатып алу-сату шарты бойынша міндеттемелерді тиісінше орындамауына байланысты туындаған дауды реттеу туралы өтініші бойынша, қазақстандық кәсіпкермен (ЖК Джумаев Б. Д.) келіссөздер барысында соңғысы қарыз сомасын мойындады және оны белгілі бір мерзімге дейін өтеуге міндеттенді.

Белоруссиялық компанияның («Конте Спа» СООО) өтініші бойынша қазақстандық кәсіпкермен («Белэкспорт» ЖШС) келіссөздер барысында тараптар келісімге қол жеткізді және 1,5 млн. рубльден астам берешек сомасы төленді.

Ауған компаниясының («Karawhan Ghazna Bastan LTD») қазақстандық компанияның («ELGAN (ЭЛГАН)» ЖШС) міндеттемелерін орындамауы туралы өтініші бойынша да тараптар уағдаластыққа қол жеткізіп, дауды реттеу туралы келісімге қол қойды.



Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің сайты ombudsmanbiz.kz әзірленді. Веб-сайт кәсіпкерлердің өтініш беруін жеңілдетті. Сайтта барлық қажетті ақпарат орналастырылған, «Жиі қойылатын сұрақтар», «Бизнес-омбудсменнің блогы» бөлімдеріне кәсіпкерлер өз сұрақтарын тікелей жібере алады, сондай-ақ сайтта өңірлердегі барлық өкілдердің байланыстары, сондай-ақ қажетті нормативтік құжаттар орналастырылған.


2016 жылы бизнес-омбудсмен қызметіне кіріскен сәттен бастап кәсіпкерлермен жан-жақты байланыста болу үшін фейсбук әлеуметтік желісінде оның ресми парақшасы іске қосылды.

2019 жылдың наурыз айынан бастап бизнес-омбудсмен «Литер» газетінде бағана жүргізіп келеді, онда еліміздегі бизнестің өзекті мәселелері қозғалады.

Бүгінгі күнге дейін сайтқа 100 000-нан астам адам кірді.

2016-2019 жылдардағы жұмыс қорытындысы бойынша БАҚ-та 2000-нан астам материал жарияланды.





apgazeta.kz
 Интернет-версия областной общественно-политической газеты «Алматы Азаттығы»

НАЧАЛО О ГАЗЕТЕ АКОМОЛИНКОЙ ПРАЗДЕ – 100 ЛЕТ ЗАДАТЬ ВОПРОС АРХИВ САЙТА

ПРЕЗИДЕНТ • ПОЛИТИКА • СОЦИУМ • ЭКОНОМИКА • ПРОЕКТЫ «АБ» • РУХАНИ ЖАНУ

Отстаивать интересы бизнеса
 13.09.2019 - 6.08.2019 Алматы 181197.14 просмотров 2019 года

«Институциональный диалог» — основа стабильности и процветания Казахстана»

Обсуждения Послание

ПЯТЬ СОЦИАЛЬНЫХ ИНИЦИАТИВ ПЕРВОГО ПРЕЗИДЕНТА

Обращения Президента
 Обсуждения Обращения

ВЗГЛЯД В БУДУЩЕЕ:

Модернизация общественного сознания
 Обсуждение программы

В НОМЕРЕ:
 №122 19 октября 2019 года



TimesKZ

ГЛАВНАЯ КАЗАХСТАН В МИРЕ ФАКТЫ СПОРТ ЗДОРОВЬЕ ЭТО И

Бизнес-омбудсмену рассказали о сложных условиях на российском рынке для казахстанских товаров

4 ОКТ 2019, 17:13

1 В ч...
 2 За...
 3 Ха...
 4 Ос...
 5 Он...
 6 За...



Уполномоченный по защите прав предпринимателей Казахстана

Главная Бизнес-омбудсмену Задача бизнеса Еженедельный доклад Прокуратуры РК Виртуальный прием

Новости

14.07.2019 **Болат Палымбетов встретился с павлодарскими предпринимателями**

2017 прокурор

Павлодарская область

Уполномоченный по защите прав предпринимателей Болат Палымбетов посетил с деловым визитом Павлодар.

Здесь он встретился с заместителем Прокурора области Маркеном Александровым. В ходе встречи стороны обсудили проблемные вопросы, с которыми сталкиваются предприниматели. В итоге было открыто «Домо инвестор».

kazinform
 International news agency

КазИнформ
 Kazinform
 Kazinform

Астана 13.09.2019 18:08:4
 Алматы 13.09.2019 17:08:4

Проблемные вопросы бизнеса обсудили в Акмолинской области

14 September 2019 09:13



ЛИТЕР

Послание Президента РК Общество Политика Демократия Экономика Наука Спорт Культура Спорт А

Болат Палымбетов: Давления на бизнес быть не должно

14.07.2019 10:07

Коллектив LIME KZ благодарит за систематическую поддержку работы по повышению защиты бизнеса и инвесторского капитала.



БЕГЕМЕН QAZAQSTAN

Казakhstan Республикасының Тұрғын Президенті - Елбасының ресми сайты

13.09.2019

Казakhstan бизнес-омбудсмену институты қалай пайдалы болды? Соған байланысты, 2013 жылдан бастап Казakhstan Бизнес Оmbudsman Агр жерін өндiрудегiлерiн Тiптiң кәсiпорын қолдаушы құрылым болды. Бiрақ, 2014 жылдан бастап, көптеген компаниялар мен, олар Казakhstan бизнес-омбудсмену институтына келiп жүрiп отырды. Барлық клиент құрылымға барғаннан кейiн қан Казakhstan бизнес-омбудсмену институтына келiп жүрiп отырды.

Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі Уәкілдің орталық аппаратының мекенжайы:

Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Қонаев көшесі, 8,

«Изумрудный квартал» әкімшілік ғимараты, блок «Б»

Телефон: +7 (7172) 270 454

Телефон/факс: +7(7172) 919 393

Кеңсе: +7(7172) 919 390